# Сыр бойы

№79-80
(19562-19563)
2 МАУСЫМ,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ • 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ • WWW.SYRBOYI.KZ


4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ



# ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯҒА ЖҮКТЕЛГЕН СЕНІМ

**Кеше Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Саяси кеңестің мүшелері – Үкімет, Парламент және Президент Әкімшілігі басшылары, Мемлекеттік хатшы, «Нұр Отан» партиясының Мәжілістегі фракциясының депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары және бейнеконференция байланысы режимінде еліміздің барлық өңірінің өкілдері – облыс әкімдері, облыстық мәслихат хатшылары, партияның облыстық филиал төрағаларының бірінші орынбасарлары қатысты.**



Саяси кеңестің отырысында партияны жүйелі жаңғырту және «Президенттің бес әлеуметтік бастамасының» жүзеге асырылуына қоғамдық бақылау жасау ісін ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Пікір алмасу кезінде Нұрсұлтан Назарбаев жастарды кәсіби дайындау және бейімдеу, сондай-ақ «Бес әлеуметтік бастаманы» орындаудың детальдары мен механизмдеріне және оның іске асырылуына қоғамдық бақылау жасауды қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды.

Басқосудың күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты баяндамаларды тыңдаған Елбасы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру және олардың орындалуына бақылау жасау ісіндегі «Нұр Отан» партиясының маңызды рөлін атап өтті.

Қазақстан Президенті әлемдік дамудың және экономикалық үдерістердің жоғары қарқынына тоқталып, жаңа сын-қатерлерге бейімделу қажеттігін айтты.

– Біз жүзеге асыруды жоспарлап отырған жұмыстардың бәрі бәсекеге қабілетті болуымыз үшін қажет. Экономиканың үшінші жаңғыруы, «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» біздің тарапымыздан атқарылуға тиіс нәрсенің бәрін толық айқындап берді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын және партияның цифрландыру саласындағы жобаларын орындаудың маңыздылығына назар аударды.

Қазақстан Президенті Астана экономикалық форумының қорытындысы бойынша шығарылған шешімдер жөнінде кеңінен әңгімеледі.

– Жаһандық дамудан қалып қоймау үшін басқарудың сапалы болуы талап етіледі. Бұл – мемлекеттік қызметті жетілдіру деген сөз. Біз мемлекеттік қызметке қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету және меритократия қағидатын ілгерілету мәселелерін шештік. Бұл қадамның орындалуын партия қадағалауы керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы инвестиция тарту және бәсекеге қабілетті елді қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

– Инвестициялар заң үстемдігі қамтамасыз етілген, келісім-шарттары сақталатын, білімді мемлекеттік қызметшілер жұмыс істейтін елге ғана келеді. Ал, қазіргі жағдайдағы бәсекеге қабілеттілік – цифрландыруды дамыту, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу ісінде цифрландырудың тиімді екенін айтты.

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін дамыту, өнімділіктің өсімін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы экспортын арттыру мәселелеріне тоқталды.

Соңында Қазақстан Президенті жаңа жобаларды тиімді жүзеге асырудың және Үкімет пен «Нұр Отан» партиясының алдына қойылған міндеттердің маңыздылығы жөнінде айтты.

– Ел ішінде қолайлы әлеуметтік жағдай болғанда ғана мемлекет табысты жұмыс істейді. Бұл – Үкіметтің басты міндеті. Мемлекет тарапынан атқарылып жатқан жұмыстың бәрі халыққа арналған, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

KÁSIPKERLIKKE KEŃ ÓRIS

### ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ, "АТАМЕКЕН" ҰКП ТӨРАЛҚА ТӨРАҒАСЫ:

## ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЛГІ

**Кеше Қызылордаға «Атамекен» ҰКП Төралқа Төрағасы Тимур Құлыбаев, Басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов бастаған делегация жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қонақтарды Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтеріп жатқан жаңа қаланың құрылысымен таныстырды.**

Қызылорда қаласының Бас жоспарына сәйкес, аталған аймақтың 1532 гектарын игеру көзделіп отыр. Негізінен сол жағалаудағы аумақ 15 ауданнан құралады. Атап айтқанда, тұрғындарға арналған 11 аудан, 1 индустриялдық аймақ және 3 ірі парк пен жасыл желекті аймақтар қарастырылып отыр.

2014 жылы осы аумақтың түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Өткен жылы жаңа қала атанған аймақтан 5 қабатты 18 тұрғын үй мен 320 орындық балабақшаның іргетасы қаланды. Бұл нысандар құрылыс компанияларының өз қаражаты есебінен салынып жатқанын айта кеткен жөн.

Мұнан кейін «Prima Park» бизнес-орталығында аймақтағы кәсіпкерлік саласының даму барысы талқыланған өңірлік кеңестің кеңейтілген отырысы өтті. Т.Құлыбаев биыл «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылғанына 5 жыл толатынын, осы уақыт аралығында бизнес пен мемлекеттік органдар арасында жұмыс жүйесі қалыптасқанын айтты. Қызылорда облысындағы шағын және орта бизнесті дамытуда, бизнестің өркендеуіне қолайлы жағдай туғызуда атқарылған жұмыстарға жоғары баға берді. Елбасы «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесі отырысында Сыр өңіріндегі осы саладағы бастамаларға, әсіресе, қызметтердің қолжетімділігі мен цифрлық форматқа көшірілуі, кәсіпкерлерге қызмет көрсету, қолдау орталықтарының құрылуы еліміздегі алдыңғы қатардағы тәжірибе екенін атап өтті. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқа Төрағасы бизнес қауымдастығы атынан облыс басшылығына алғысын білдірді. Одан әрі еліміздегі шағын және орта бизнестің өркендеуіне тұсау болатын кедергілерді азайту, біртіндеп жою үшін атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты.

Облыс әкімі Елбасының кәсіпкерлік қызметін реттеуді көздейтін заң актілеріне енгізілген өзгерістерге қол қойғанын, бұл өзгерістер бизнестің өркендеуіне қолайлы жағдай туғызатынын айтты. Аймақта жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндап, кәсіпкерлер Палатасының басшылығына жергілікті билік бастамаларын қолдағаны үшін ризашылығын білдірді.

– Біз 2018 жылды «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялап, тиісті Жол картасын әзірледік және барлық қаржыландыру көздерінен 32 млрд теңге жинақтап, оның 3 млрд теңгеге жуығын стартап-жобаларына қарастырдық.

2-бет

«ÁKIM SAĠATY»

**Бұған дейін облыстық «Qyzylorda» телеарнасының тікелей эфирінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен «Әкім сағаты» өткенін хабарлаған болатынбыз. Аймақ басшысы 2 сағат бойы тұрғындардың сан салалы сауалдарына жауап берді. Тікелей эфир барысында барлығы 261 сұрақ келіп түсті. Оның 167-сі онлайн режимде, ал 94-і call-орталыққа телефон арқылы жолданған.**

## БЕС ЖЫЛДАҒЫ БЕЛЕС ЖӘНЕ ӨМІРШЕҢ БАСТАМАЛАР

Сұрақтарға жүргізілген сараптау қызылордалықтарды көбіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (46 сұрақ) және жер мәселелері (29 сұрақ) толғандыратынын байқатты. Тағы 24 сұрақ тұрғын үй, 23 сұрақ білім саласы, 19 сұрақ жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру, 20 сұрақ денсаулық сақтау мәселелері бойынша қойылды. Сондай-ақ, 12 адам ауылшаруашылық саласы бойынша хабарласса, мәдениет және кәсіпкерлік салалары бойынша 4 сұрақтан түсті. Мұнан бөлек, тікелей эфир барысында басқа да мәселелер жөнінде 71 сұрақ қойылды.

Тікелей эфир басында алдымен аймақтың даму көрсеткіштеріне жасалған шолу көрсетілді. Облыс басшысы бейнематериалда акцент жасалған негізгі көрсеткіштерді саралай отырып, ағымдағы жылы атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Қазір біздің аймақ өңірлерді дамыту қарқыны бойынша республикадағы маңдайалды 5 облыстың қатарына енді. Соңғы 5 жылдағы көрсеткіштерге қарағанда, облыс экономикасына 1,3 трлн теңге тікелей инвестиция тартылған. Бұрын өнеркәсіптің ауқымды бөлігі мұнай, газ және ураннан тұратындықтан, экономика осы шикізаттардың бағасына тәуелді еді. Ал қазіргі өңдеу өнеркәсібінің 2 есеге өсуіне экономиканың құрылымын өзгерту арқылы қол жетті. 2 млн шаршы метр тұрғын үй салу арқылы ең үлкен әлеуметтік мәселе – баспана түйткілі шешімін тауып келеді. Аймақ басшысы 59 мың жұмыс орны ашылуының, күріш өнімділігінің 2 есеге артуының, 200-ден астам әлеуметтік нысанның салынуының, еліміз бойынша әлеуметтік салаға жан басына шаққанда ең көп қаржы бөлудің артықшылықтары туралы айтты. Адами капиталға салынған қаржының қайтарымы да мол болмақ. Қазіргі уақыттың ең өткір мәселесі жұмыссыздық, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші төмендеген. Жалпы алғанда, экономиканы әртараптандыру арқылы аграрлық-индустриялық аймақтан индустриялық-аграрлық аймаққа айналудың алғышарттары жасалды.

Одан әрі аймақ басшысы жыл басынан бері қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы айтты. Қызылорда облысының кәсіпкерлікті дамытудағы, инвестиция тарту, құрылыс саласындағы жетістіктері оның қарқынды дамып келе жатқанын айғақтайды. Бұл, ең алдымен Елбасының қолдауы, кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысы және халқымыздың ынтымағы мен ауызбірлігінің арқасында мүмкін болып отыр.

3-бет

TAĠZYM



## ЖАДЫМЫЗДА ҚАЛҒАН ЖАҢҒЫРЫҚ...

**Тәуелсіз Қазақстанда алғашқы болып қабылданған заңдардың бірі –1993 жылғы сәуірдің 14-дегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы болды. Сонымен қатар, Елбасының Жарлығымен 1997 жыл – Қазақстанда Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Сол уақыттан бері жыл сайын 31 мамыр күні саяси қуғын-сүргін құрбандарына тағзым ету шаралары өтеді.**

Осы күні қаладағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш алаңында өткен митингке облыс әкімі Қ.Көшербаев қатысты. Алдымен сол бір зұлмат заманның қаһарлы көрінісін бейнелейтін сахналық қойылым назарға ұсынылды. Жазықсыз жазаға ілініп, өзегін ащы зар тілген Темірбек Жүргенов, Тұрмағанбет Ізтілеуовтердің болмысы сомдалып, олардың сол сәттегі жан толқынысы санада жаңғырып өтті. Бір сәт үнсіздік жарияланды. Осыдан соң ескерткішке тағзым гүлі қойылды.

Митингте сөз алған облыс әкімі кешегі ХХ ғасырдың басында кең- байтақ қазақ елі миллиондаған кеңестік азаматтардың жер аударылған мекеніне айналып, халықтарды күштеп ұжымдастыру, «халық жауларын» анықтау бойынша жүргізілген солақай саясаттың құрсауында жүз мыңнан астам адам қуғынға ұшырағанын атап өтті.

Деректерге қарағанда, бір ғана Қызылорда облысында 81 адам кәмпескеге ілініп, 10920 ірі қара, 47299 ұсақ мал тәркіленген. Мұрағат қорындағы құжаттар дерегі 1937-1938 жылдары «халық жауы» деген жаламен 314 адам сотталып, жазаланғанын жеткізеді. Тарихшылар мәліметінше, Одақ бойынша 1927-1953 жылдары миллиондаған жан, оның ішінде Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылған.

Саяси қуғын-сүргін зардабын тартқан түрік халқының ұрпағы Дильфура Байрактарова:

– Мен сол бір зұлмат заманда Қазақстанға, оның ішінде қасиетті Сыр өңіріне депортацияланған түрік халқының ұрпағымын. Елбасы Алаштың анасы атаған Сыр өңірі осынау қиын-қыстау шақта қаншама ұлт пен ұлысқа пана болды?! Қазақ халқының кең құшағы, қамқор пейілінің арқасында тереңге тамыр жайып, ұрпақ тараттық. Біздің ортақ үйіміз – Қазақстан! Сондықтан елімізге, Отанымызға адал қызмет ету – азаматтық борышымыз, – дейді.

Митингке халық көп жиналды. Барлығы да ескерткішке гүл шоқтарын қойып, бабалар рухына тағзым етті.

Осы күні кешке Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрында драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рахымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» спектаклінің қойылымы өтті. Спектакль «Темір наркомның» өмірі және қазақ халқын ағарту ісіне бағыттаған еңбегі туралы баяндайды.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы».**

FORÝM

## Игілік бастауындағы іскер әйелдер

**Бизнестегі әйелдердің үлесі жыл санап артып келеді. Бұл туралы іскер әйелдер форумында айтылды. Өңірлік қаржы институттары өкілдері мен 40-тан астам кәсіпкер қыз-келіншек қатысқан шарада облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастамаға сәттілік тілеп, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды саралап өтті.**



«Атамекен» Өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанындағы іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Жанна Аманова өтіп жатқан форумның маңыздылығына тоқталды.

Осыдан кейін аймақ басшысы форумға қатысушыларды құттықтап, Сыр өңіріндегі шағын және орта бизнесті қолдау шаралары жайында айтып берді.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан–2050 стратегиясы» атты Жолдауында атап көрсеткендей, «Әйелдер – отбасының тірегі, яғни мемлекет тірегі. Қыз, әйел – әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал анасы оның ең құрметті адамы». Көптеген әйел кәсіпкерлер жетістігінің рецепті қарапайым: жұмыс істеу және өз жұмысын жақсы көру. Мәселен, өзінің жеке косметикалық империясын құрған Эсте Лаудер: «Ешкім мені тоқтата алмады, мен сатқан нәрсеге сендім» деген екен. Қазіргі таңда республика бойынша кәсіпкер нәзікжандылардың үлесі 50 процент. Бұл көрсеткіш әйелдер кәсіпкерлігінің даму әлеуеті жоғары екенін білдіреді. Қазақстандағы шағын бизнес кәсіпорындарының 60 процентten астамын әйелдер басқарады.

Жыл басынан бері облыста Өңірлік инвестициялық орталық арқылы микронесие беру үшін жалпы сомасы 1 млрд теңге болатын 258 жоба мақұлданды және қаржыландырылды. Оның ішінде 112 жоба әйел кәсіпкерлерге тиесілі, – деді облыс әкімі.

2-бет

### ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ, "АТАМЕКЕН" ҰКП ТӨРАЛҚА ТӨРАҒАСЫ:

# ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЛГІ





Мемлекеттік бағдарлама аясында қаржы бөлінуін күтпей-ақ, облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөліп, Өңірлік инвестициялық орталыққа орналастырдық, өйткені онда екінші деңгейлі банктерге қарағанда пайыздық мөлшерлеме қолжетімді, кепіл мүлік және несие беру саясаты ыңғайлы әрі ақша қайтарымдылығы жоғары. Одан бөлек, микробизнеске қайтарымсыз грант беру мақсатында 200 млн теңге бөлінеді. Қазірдің өзінде 800-ге жуық өтінім түсіп, комиссия карауында. Комиссияның құрамында Өңірлік кәсіпкерлер палатасының 4 өкілі бар, сондықтан шешім әділетті қабылданатын болады деп ойлаймын, – деді облыс әкімі.

Осы атаулы жылда нәтижелі жетістіктерге жету үшін әр ауылға жауапты тұлғалар бекітілген. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы 40-тан астам қызмет түрін ұсынып, әкімшілік кедергілердің азаюына оң ықпал етті. Бұл – басқа облыстарға үлгі тұтарлық еліміздегі ең алғашқы орталықтардың бірі. Бүгінде шағын және орта бизнес саласында 80 мыңнан астам адам еңбек етеді. Соңғы жылдары бизнеспен айналысушылардың үлесі 22-ден 26 процентке жетті. Енді бұл көрсеткішті 45 процентке дейін ұлғайту міндеті тұр. Аймақ экономикасының әртараптандырылуы, шикізатты экспорттаудан бәсекеге қабілетті өзге де салаларға ауысуы айтулы жетістіктерге бастады. Облыс басшысы әсіресе, ауылдардағы, агроөнеркәсіп кешеніндегі бизнесті өркендетудегі кейбір мәселелер туралы айтты.

1–БЕТ

Одан әрі Ұлттық палатаның басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов кәсіпкерліктің қанат жаюына негіз болатын заңдарға енгізілген толықтыруларға тоқталды.

Кеңейтілген отырыста облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов кәсіпкерлердің құқығын қорғауда, әкімшілік кедергілерді азайтуда, сатып алу саласында жергілікті тауарлардың көлемін арттыруда атқарылған бірқатар шараларды атап өтті. Бүгінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы жобалар, әсіресе, денсаулық сақтау, білім және спорт салаларын өркендетудегі әріптестіктің қарқыны көңіл қуантады.

Адами капиталды дамытудағы жұмыстардың нәтижесінде облыста дуальдық оқыту жүйесімен 17 колледжде 1173 студент оқуда. Кәсіпкерлер палатасы колледждерді корпоративтік басқару жобасын тұрақты сүйемелдеп келеді. Өткен жылы осы жоба аясында оқып жатқан Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің алғашқы түлектері бітіріп шығып, олардың 90 проценті жұмысқа орналасты. Кейбір мамандықтарды, мысалы, «Аспазшы» мамандығын бітіргендер 100 пайыз жұмысқа тұрды.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұсынған 7 бастама жергілікті әкімдікпен бірге сәтті жүзеге асырылуда. Облыс әкімінің қолдауымен республикада бірінші болып толық форматты Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы құрылды. Кәсіпкерлерге қолжетімді болуы үшін жер телімдері мен инженерлік желілерге қатысты ақпараттар ресми интернет-ресурстарда орналастырылған. Атап айтқанда, облыс әкімдігінің сайтында Қызылорда қаласы мен 7 ауданның бас жоспары, түбегейлі жоспарлау жобасы орналастырылған. Бас жоспарға қатысты толық ақпаратты аталған сайттағы анкетаны толтыру арқылы алуға болады.

Облыста 2014 жылы жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың жобасын қаржыландыруға, әсіресе ауыл азаматтарының бастамаларын қолдауға бағытталған «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы құрылды. Бұл Орталықтың өзге қаржы институттарынан ерекшелігі – несие беруде және кепілге мүлік алуда халыққа ыңғайлы саясатты ұстануында. Бұрын мемлекеттік бағдарлама аясында несие алуды көздеген азаматтар кепілге қойылатын мүлікке келгенде тығырыққа тірелетін. 2014 жылдан бастап облыс әкімдігі бұл мәселені оң шешті. Орталық 2016 жылдан бастап Кәсіпкерлер палатасының сенімгерлік басқаруында. Қазір Өңірлік орталық – «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасын жүзеге асыруда облыстағы негізгі операторлардың бірі.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының басшысы азаматтарды жаппай кәсіпкерлікке тартуда «Бастау» жобасының, «Бизнес-кеңесші» оқу курсының маңызын айтты. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы бірқатар мәселелерге талдау жасады.

Жиынды қорытындылаған Т.Құлыбаев өңірлерден түсетін ұсыныстардың басым бөлігі шешімін табатынын айтты. Көптеген түйткілді сұрақтардың жауабын аймақтық деңгейде табуға әбден болатыны өңірлік кеңестердің тәжірибесінен байқалады.

Мәжілісте облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы Асқар Махамбетов, кеңес мүшесі Нұрмұрат Ерманов бастамаларға қолдау білдірген Ұлттық кәсіпкерлер палатасына алғыстарын білдірді.

Жиыннан соң «Атамекен» ҰКП басшысы жергілікті инвестордың қаражаты есебінен салынған «Prima Park» бизнес-орталығының жұмысымен танысты. 8 қабатты бизнес-орталықтың ғимаратында 32 бөлмелі қонақ үй және арендалық бөлмелер орналасқан. Ғимарат ішінде коворкинг орталығы мен «open-space» түріндегі 80 және 30 орындық екі конференц-зал қарастырылған. Кешен жылдамдығы жоғары интернетпен, ағылшын және қытай тілдеріне ілеспе аудармa жүйесімен қамтылған.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,**
**«Сыр бойы».**

SESSIIA

## БЮДЖЕТ 3 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ҰЛҒАЙДЫ

**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 20-шы сессиясы өтті. Сессия жұмысына сондай-ақ ҚР Премьер-Министр кеңсесінің Өңірлік даму бөлімінің бас инспекторы Марат Сұлтанғалиев пен Батыс Қазақстан облысы делегациясының мүшелері қатысты. Сессияға Кенжебек Үйреков төрағалық етті. Алғашқы мәселе – «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №157 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова хабарлама жасады.**

Басқарма басшысы бюджет түсімдерінің арқасында облыстық бюджет 3 млрд 126 млн теңгеге ұлғайып отырғанын жеткізді. Соның нәтижесінде соңғы өзгертуде 219 млрд теңгені құраған облыстық бюджет көлемі 222,4 млрд теңгеге жетіп отыр. Сессиядан бір күн бұрын өткен тұрақты комиссия мен «Нұр Отан» партиясы депутаттар фракциясының бірлескен отырысында депутаттар бюджеттің нақтылануына байланысты кеңінен талдау жасап, өз сұрақтарына тұшымды жауаптар алған болатын. Ал депутат Райкүл Байназарованың Қармақшы ауданындағы балалардың жазғы тынығу лагеріне күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі ұсынысы жазғы демалыс басталып кетуі себепті келесі жылдың жоспарына енгізілетіні айтылды.

Сессияда сол секілді жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемақы мөлшерінің өзгеруі, донорлық функцияны өтеусіз және ақылы негізде жүзеге асырғаны үшін донорларға қосымша көтермелеу мөлшерлерін беру секілді мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер шығарылды. Мұнан соң, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, делегация басшысы Ғабидолла Оспанқұлов сөз алып, бұған дейін Орал өңірінің дамуына орасан үлес қосқаны үшін Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа «Батыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағын беру туралы шешімді таныстырды. Осы орайда делегация басшысы БҚО-ның әкімі Алтай Көлгіновтің құттықтауын оқып берді.

Аймақ басшысы батысқазақстандықтардың құрметіне ризашылығын білдірді.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,**
**«Сыр бойы».**

## Игілік бастауындағы іскер әйелдер

Биыл аймақта «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жарияланды. Өңірде «Жол картасы» кешенді бағдарламасы әзірленіп, оны жүзеге асыру үшін барлық қаржы көздері есебінен 32 млрд теңге қаржы бөліну жоспарланды. Қазіргі кезде шағын және орта бизнестегі 84 мыңнан астам адам немесе экономикалық белсенді халықтың үштен бірі жұмыс істейді. Соңғы жылдары бизнестегі жұмыспен қамтылғандардың үлесі 22%-тен 26%-ке дейін артты. Ағымдағы жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша қолданыстағы ШОК субъектілерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 10,2%-ке өскені байқалады.

Форумда кәсіпкерлік саласындағы танымал қыз-келіншектер баяндама жасады. «СПФ Монтажспецстрой» ЖШС бас директоры Рая Үдербаева істі бастаудың оңай еместігін айтты. Ол үшін тек еңбек етіп, белгілі бір жетістікке жеткенше аянып қалмау керектігін жеткізді. «Кез келген істі бастағанда қиыншылық туындайтыны сөзсіз. Бірақ, бастаған ісіңнің нәтиже беретініне айналаңдағыларды сендіру керек» деді ол. Сондай-ақ, кәсіпкерлігін қалай бастағанын, жетістікке жету құпияларын форумға жиналған қыз-келіншектермен бөлісті. Қаламыздың дәл іргесінде таңғажайып бақ бар. Онда Сыр топырағында өспейді, жерсінбейді деген сан түрлі ағаштар, қылқанды, мәуелі, жапырақты және декоративті ағаш түрлері, жеміс талдары жайқалып тұр. Мұнда экзотикалық жеміс ағаштары да жерсіндірілген. Еселі еңбектің иесі, туған өлкені нуға бөлеген Рая Үдербаеваның ісі кейінгі жастарға үлгі боларлық.

1–БЕТ

Еліміздегі шағын және орта бизнес субъектілерінің 43 процентін әйелдер басқарып, 964 мың адамды жұмыспен қамтып отыр. Бүкілдүниежүзілік экономикалық Форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «әйелдердің экономикалық қатысуы мен мүмкіндіктері» көрсеткіші бойынша Қазақстан 30-шы орында екен. Өңірімізде бизнесті, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. 2017 жылдың басында облыс әкімінің бастамасымен «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» КММ өз қызметін бастады. Орталық өз ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлермен қатар шаруасын дөңгелентіп отырған жандарға да көмек көрсетеді. Мемлекет басшысының Жолдауынан туындаған тапсырмаларға сай, бизнестегі әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында орталық қызметін электронды форматқа көшіру жұмыстарын жүргізуде. Тиімді цифрландыру шаралары ұлттық экономиканың қарқынды дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын арттырумен бірге, кәсіпкер әйелдер үшін жұмыс пен отбасын қатар алып жүруге мүмкіндік береді. Бұл жайында «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының» директоры Қамар Бекетова баяндады.

– Орталықта қызметтер кәсіпкерлер үшін онлайн режимде көрсетіледі, енді «Open kasipker» мобильді қосымшасы өңделіп жатыр. Қосымша іске қосылғанда кәсіпкерлер үйден шықпай-ақ, кәсібін жандандыра алады. «Сандық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Геоақпараттық онлайн сервис» бағдарламасы арқылы техникалық шарттарды алу мүмкіндігі қарастырылған. Сервис азаматтардың өтінімдерін тіркеп, оны өңдеп, барлық коммуналдық қызметтерге қосылуға болады. Облыс әкімінің қолдауымен қазіргі күні біз кәсіпкерлер үшін жер телімдерін рәсімдеу мерзімін қысқарттық. Жыл соңына дейін орталықта көрсетілетін барлық қызмет түрі электронды форматқа көшірілетін болады. Мұндай орталық пен геосервис тек біздің өңірде ғана жұмыс жасайды,- деді Қамар Назарбекқызы.

Ал, «Қолөнер» мәдени-этникалық орталығының құрылтайшысы Аида Керімқұлова туризм саласының дамуына үлес қосып жүргенін мақтан ететінін жеткізді. Басты мақсат Қызылорда қаласы мен ауыл-аймақ өнеркәсіп майталмандарының туындыларын насихаттау, нарыққа шығарып, жастарға үлгі-өнеге көрсету болып табылатынын айтты.

– Біз өткен жылы осындай басқосуда заманауи үлгідегі қазақы брендті қалыптастыру, күнделікті киюге ыңғайлы, ұлттық нақыштағы кеңселік ерлер мен әйелдер киімдерін қолданысқа ендіруге ұсыныс жасаған едік. Биыл облыс бойынша «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» аясында осы жобам қолдау тапса деп ойлаймын,– деді.

Аида Әбдіқайымқызы этика мен эстетикаға сай ұлттық элементі бар бірегей кеңселік киімді дамытуды көздеп отыр. Бүгінде ұлттық өнеріміз жанданып, қайта түрленіп келеді. Мәселен, биыл наурыз айында Сыр елінің қолөнер туындылары West park Art Center-де өткен мейрамда кеңінен таралып, насихатталды. «Қолөнер» ұлттық нақыштағы орталығы Беларусь елінің елшілігімен бірлесе жұмыс жасап, ұлттық киімдерді қайта қолданысқа енгізу бағытында жұмыстар атқарылып келеді.

Сондай-ақ, форумда «Мой доктор» клиникасының басшысы Ләззат Өмірзақова, «Білім ассоциациясы» оқу орталығының директоры Гүлнұр Салхадинова баяндама жасады. Мұнан кейін аймақтың іскер әйелдерінің қолөнер көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

**Сара АДАЙБАЕВА,**
**«Сыр бойы».**

«KÓKNÁR-2018»

## ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА

**Қызылорда облысында «Дельта-Сырдария» арнайы бөлінісі мен республикадағы үздік мамандардың қатысуымен «Көкнәр-2018» атты жедел-профилактикалық іс-шара өткізіледі. Бұл туралы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен өткен құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында мәлім болды.**

Аймақ басшысы ағымдағы жылдың 4 айында облысымызда есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 43 пайызға азайғанын атап өтті. Дегенмен, өңіріміздегі есірткі қылмысының таралу тенденциясы алаңдаушылық туғызып отыр.

– Есірткі айналымын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құпия түрде қолдайтыны ешкімге жасырын емес. Полиция мен басқа да құқық қорғау органдарындағы кейбір қызметкерлердің өздері қылмыс жасап, есірткі заттарын тұтыну фактілері анықталып отыр. Өткен жылы бірқатар құқық қорғау органдарының қызметкері қамауға алынды. Бұдан әрі облыстағы құқық қорғау органдарында «оборотень в погонах» атанған ондай қылмыскерлерге орын болмауы тиіс, - деді аймақ басшысы.

Облыстық ІІД бастығы Қайрат Мұхитов профилактикалық шараға дайындық барысы туралы баяндап берді. «Көкнәр-2018» осы жылдың маусым-қазан айларында республика бойынша «Дельта-Сырдария» арнайы бөлінісі, есірткі бизнесімен күрес жөніндегі басқармасының 2 жедел-іздестіру тобы, «Бүркіт» арнайы жасағы, жергілікті полиция қызметі, кинологиялық қызмет орталығы, көші-қон полициясы қызметкерлерінің қатысуымен өткізілмек. Облыс орталығы мен әр ауданда жедел-іздестіру топтары құрылып, жылжымалы мобильді бекет, автотехника, тікұшақтар, ішкі істер органдарының байланыс телефондары көрсетілген жадынамалар мен бірлескен жұмыс жоспары әзірленді, өзге де қажетті дайындық шаралары ұйымдастырылды.

Ведомствоаралық комиссия отырысы қорытындысында облыс әкімі іздестіру жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізуді тапсырды. Бұл шараға жауапты орган басшылары барынша ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, аудан әкімдеріне 28 маусым – Халықаралық нашақорлықпен күрес күніне орай тақырыптық іс-шаралар өткізу жүктелді.

## КЕН ОРНЫНДА ЖҰМЫС АУҚЫМЫ КЕҢ

**Кеше облыс әкімдігінде облыс әкімінің орынбасары Евгений Кимнің төрағалығымен «Шалқия» кен орнындағы кезеңдік шаралар барысына арналған мәжіліс өтті.**



Онда негізінен қорғасын-мырыш қорын игеру мәселесі қаралды. Бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына орасан зор үлес қосатын маңызды әрі ірі инвестициялық жобалардың қатарынан саналады. Ал «Шалқия» – мырыш өндіру жөнінен республикадағы ғана емес, дүние жүзіндегі алып кешен. Қазір мұнда кен орнын игеру, тау-кен байыту жоспарын жетілдіру, зерттеу шаралары қолға алынды.

Мәжілісте «Тау-Кен Самұрық» АҚ басқарма төрағасы Қанат Құдайберген кен орны орналасқан Жаңақорған ауданында су құбырын жүргізу, электр және сумен жабдықтау жобаларының жүзеге асырылуы жөнінде айтып берді. Өндіріске қажетті инфрақұрылым тарту барысында кездесетін мәселелерге тоқталды. Оның ішінде «Шалқия» кентіндегі иесіз қалған көпқабатты үйлер мен электр желілерін қайта жаңғыртып, теңгерімге қабылдау қажеттілігі туындап отыр.

Облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким жиын қорытындысында аймақ дамуы үшін аса маңызды жобаны жүзеге асыруға, түйткілдерді шешуге ықпал жасалатынын, бұған жергілікті биліктің де мүдделі екенін жеткізді. Сондай-ақ, кен орнының жұмысын ілгерілету бағытында тиісті орындарға біршама тапсырма жүктеді.

**Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.**

## ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬДЕГІ ЖАҢАША БАСТАМА

**Кеше «Сырдария» жазғы тынығу лагерінің ашылу салтанаты өтті. Оған қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, балаларды мерекемен құттықтады.**

– Жадыраған жаздың алғашқы күнінде тойланатын бұл мереке елімізде жыл сайын ерекше аталып өтеді. Қалада жаңа демалыс орындары мен саябақтар, спорттық ойын алаңдары, түрлі үйірмелер ашылып, бүлдіршіндеріміздің жазғы мезгілдегі демалысын қызықты әрі пайдалы етіп өткізулеріне аса мән берілуде. «Сырдария» жазғы тынығу лагерінде биылғы маусымда қала мектептерінен 500 оқушыға тегін жолдама беріледі. Мұнда биыл Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына сәйкес, қазақтың ұлттық ойындарын, салт-дәстүрін насихаттайтын түрлі үйірмелер мен балалар үшін арнайы этноауыл жұмыс жасайтын болады, – деді Н.Нәлібаев.

Шаһар басшысы лагерьді аралап, тыныс-тіршілігімен танысты. Жазғы сауықтыру лагерьлеріне бірінші кезекте ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көпбалалы отбасы балалары мен құқық бұзушылықпен есепке алынған оқушылар қамтылады.

Айта кетейік, биыл Оқушылар сарайында балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында 1 маусым-14 шілде аралығында үш ауысым бойынша «Zhazgy Time» танымдық-шығармашылық мектебі жұмыс жасайтын болады. Онда танграм, робот техникасы, спорттық туризм, хореография, палитра, планетарий, шығармашылық зертхана, тілдік мектеп (қазақ, орыс, ағылшын), концерттер, конкурстар, интеллектуалды ойындар, тренингтер, кинозал болады. Оған 300 бала қамтылады деп жоспарлануда.

**Шынар БЕКБАН,**
**«Сыр бойы».**



# БЕС ЖЫЛДАҒЫ БЕЛЕС ЖӘНЕ ӨМІРШЕҢ БАСТАМАЛАР

1-бет

Телеарна редакторы А.Молжанова Елбасының Бес әлеуметтік бастамасының бірі – елді газбен қамтамасыз етуді жалғастырудың, «Сарыарқа» магистральды газ құбырының біздің аймақ үшін маңызы қандай болмағын сұрады. Облыс басшысы Үкіметтің «Сарыарқа» магистральды газ құбырын алдағы шілде айында бастауды жоспарлап отырғанын айтты. Бұл жоба еліміздің газдандырылмаған орталық және солтүстік бөлігін, Елорданы табиғи газға қосуға бағытталған. Жақында «Қазтрансгаз» АҚ басшылығымен кездесуде келісілгендей, жобаны жүзеге асыруда жергілікті тұрғындарды құрылыс-монтаж жұмыстарына тартуға, салықтық базаны нығайтуға мүмкіндік туады. Бүгінде Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарын «көгілдір отынға» қосу облыс әкімдігінің тікелей бақылауында. Жалпы аудан орталықтары толық газдандырылған соң, екінші кезеңде тіректі елді мекендерге кезек келеді. Қазір Жосалы кентіне арналған автоматтандырылған газ тарату станциясы орнатылды. Кварталішілік газ құбырын жүргізуге облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. Ал Сырдария мен Жалағаш аудандарына арналған жобаға республикалық, облыстық бюджеттерден 1,2 млрд теңге қаражат берілді.

Тікелей эфирде call-орталықтан Қызылорда қаласының тұрғыны Э.Бекежанованың 2006 жылдан бергі жер кезегі қашан келетінін, кәсіпкер А.Темірбаевтың биылғы кәсіпкерлікті қолдау жылында шағын кәсібін кеңейтуге қандай демеу көрсетілетінін сұраған сауалы оқылды.

Қырымбек Елеуұлы 2005-2017 жылдар аралығында қала әкімдігінде жеке тұрғын үй құрылысына жер сұраушылардың 54 мың арызы тіркелгеніне тоқталды. 2016 жылы республикада алғаш болып 980 гектар жерді «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында халыққа табыстау басталған еді. Осы «Бәйтерек» шағын ауданына инженерлік инфрақұрылым апару үшін бюджеттен қыруар қаржы, яғни 11 млрд теңге бөлінді. 2005 жылы жазылған 7060 арыздың 6600-ы қанағаттандырылды. Қалған 812 және 2006 жылдың бірінші тоқсанындағы арыздарды қанағаттандыру үшін осы аумақтан көлемі 150 гектар жер таңдалды. Бұл жерге инженерлік инфрақұрылым жүргізу үшін 3,9 млрд теңге қажет. Бүгінде бюджеттен ауыз суға 655 млн, электр желісін тартуға 300 млн теңге қаражат бөлінді. Осы жұмыстар аяқталған соң 1300 адамға жер телімі беріледі.

Облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылында» кәсіпкерлерді қолдау шараларына 32 млрд теңге қаралып отыр. Өңірде жобаларды жеңілдетілген микроқаржымен қамтамасыз ету үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығының жұмысы жолға қойылды. Ол арқылы стартап жобаларға 5 жылға дейін жылдық 6 процентпен несие беру мүмкіндігі қарастырылған. Оны алу үшін Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлер үйіне орналасқан орталыққа құжат тапсыруға болады. Ал аудан кәсіпкерлерінің онлайн түрде аудандық палата арқылы құжат өткізуіне жағдай жасалған. Оған қоса тұрақты бизнес үшін 2-ші деңгейлі банктер арқылы несие алып, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша несиенің пайыздық мөлшерлемесінің тең жартысын субсидиялауға мүмкіндік бар. Ол үшін бюджеттен қарастырылған қаражат жеткілікті.

Біз өмір сүріп отырған уақыттың талабымен кәсіпкерлікке кеңінен қолдау көрсеткен мемлекет қамқорлығы үндесіп жатыр. Бірақ, көп ретте кәсіпкерлікпен айналысуға мінез бен тәуекел жетіспейді. Облыс басшысы кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік, саяси маңызына тоқталды. Ол жаңа жұмыс орындарының ашылуына, салықтық базаның ұлғаюына, қоғамдық саяси тұрақтылыққа оң ықпал етеді. Өйткені тіршіліктің көзін тапқан азаматтар қоғамның тұрақтылығына мүдделі.

Тікелей эфирге телефон арқылы сауал қойған А.Өркенова қалааралық автобус маршруттарын кеңейту және «Қызылорда-Жезқазған» жолын жаңғырту туралы білгісі келетінін жеткізді. Былтырдан бері облыс орталығынан Ақтөбеге, Түркістанға, Әйтеке би кентінен Ақтөбеге автобус қатынасы бар. Қазір Ташкентпен екі аралыққа қатынас орнатуды тиісті министрлік қолдап отыр. Ал 424 шақырымдық республикалық маңыздағы «Қызылорда-Жезқазған» жолына қатысты Қарағанды облысы әкімдігімен және осы мәселедегі құзырлы министрліктермен бірігіп, жолды жөндеуді 2022 жылдан 2019 жылға жылжыту туралы жұмыс атқарылды. Оның үстіне «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысы бұл жолды жөндеуді талап етіп отыр. Осылайша көптен бері күрмеулі болып келген «Қызылорда-Жезқазған» жолының жаңғыртылуы жоспардағыдан 3 жыл бұрын басталатын болды. Әзірге жолды ағымдағы жөндеуге 316 млн теңге бөлінді.

Сырдария бойын жағалай қонған ел соңғы жылдардағы дария деңгейінің күрт төмендегеніне алаңдаулы. Облыстағы суармалы жерлердің мелиоративті жағдайына және САРАТС-2 жобасына қатысты басқа да мәселелер Үкімет басшысы Б.Сағынтаевтың сапары кезінде кеңейтілген мәжілісте қаралған еді. Дүниежүзілік Банктің қаржыландыру рәсімдері созылып кетуіне байланысты және өткен кезеңде жобаға Өзбекстан Үкіметінің келіспеуі себебінен САРАТС-2 жобасын республикалық бюджет есебінен бастау туралы шешім қабылданды. Жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге дайындық жасалуда. Бұрын жоба 6 бөлімнен тұрса, енді 8 бөлімнен тұрады. Оған балық шаруашылығын дамытуға ықпал ететін 2 жоба қосылды. Облыс басшысы Сырдария өзені суының аз болуына қатысты ойларын жеткізді. Былтыр өзеннің деңгейі орташа жылдық деңгейден 2 метрге жуық жоғары болды. Бүгінде «Шардара» мен «Көксарайда» 5,7 млрд текше метр су бар. Бұл былтырғыдан 1,2 млрд текше метрге кем. Өйткені тауда су аз. «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегішінің болжамдық жұмыс кестесіне сәйкес Сырдарияның төменгі ағысына секундына 700 текше метр су жіберілуде. Облыс аумағына енген 640 текше метр судың 425 текше метрі егістікке пайдаланылып отыр. 2013-2016 жылдардағы Қызылорда қаласы тұсындағы Сырдария өзенінің су деңгейі осы жылғы су деңгейімен шамалас. Қазір Ауыл шаруашылығы және Энергетика министрліктері Сырдарияның жоғары ағысындағы елдермен төменгі ағысқа жіберілетін судың көлемін ұлғайту мәселесі бойынша келіссөздер жүргізуде.

Болашақта Қызылорда қаласы тұсындағы Сырдария өзенінің деңгейін бірқалыпты ұстап тұру үшін ескі әскери комиссариат қасынан үрлемелі су тоспасын салу жоспарланған. Мұндай жоба соңғы 3 жылда Жаңақорған, Шиелі аудандарында жүзеге асып, тиімділігін дәлелдеді. Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай Мемлекеттік рәміздер алаңы мен Тұңғыш Президент саябағының ортасына үлкен саябақ салынбақ. Ол жұртшылық демалатын орын болады. Сондықтан да қала аумағында су деңгейін бірқалыпты ұстау маңызды. Қазір Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге «Қызылорда» су торабынан төмен қарай дария табанын тазалау жұмыстарының жобасы пысықталу үстінде.

Тікелей эфирге дейін хабарласқан Қазалы ауданының тұрғыны Ж.Ешепетов Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды емдеу-сауықтыру орталығы туралы айтыпты. Жарты ғасырдан бері жұмыс жасап келе жатқан орталық ғимаратының тозығы жетті. Оның үстіне көктемгі су тасқыны кезінде сол аумақты су басты. Аймақ басшысының айтуынша, демалыс орнының құрылысын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде іске асыру жоспарланып отыр. Ол үшін былтыр 100 млн, биыл 500 млн, келесі жылы 655 млн, барлығы 1,2 млрд теңге қаржы қаралған. Облыстық білім басқармасы мен «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ арасындағы келісім құжаттары рәсімделуде. Қазалыда да Талдысу мен Қамбаштағыдай жыл он екі ай жұмыс істейтін орталық болады.

Келешекте Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы қосылады деген жоспар бар. Сол жерде бұрынғы Қазалы уезінің саябағын қалпына келтіріп, демалыс орнын жасауға әбден болады. Ал лагерь балаларды демалыс маусымына қабылдауға дайындық жасауда.

Одан әрі облыс әкімі Қырымбек Көшербаев телеарна редакторы Ғ.Жұманазар қойған шыны зауыты құрылысының қай сатыда тұрғаны, тағы да басқа қандай индустриялық жобалар жүзеге асатыны туралы сауалға жауап берді. Қазір шыны зауытының аумағында 8 қосалқы мердігер компания жұмыс атқаруда. Шілденің басында пеш жағылады. Технология бойынша үздіксіз өндірістің алдында пеш 3 ай бойы қыздырылуы керек. Сондықтан жыл соңына қарай алғашқы өнім алынбақ. Оған қоса стратегиялық инвестормен келіссөздер аясында өте жұқа шыны өндірісі де өрістейді.

Басқа индустриялық жобаларға келсек, тампонажды цемент зауыты, молибден, кальцийлендірілген сода өндірісі, «Шалқия» кеніשіндегі кен байыту комбинаты, тұз, ет комбинаттары – бұлардың барлығы жаңа технологияға негізделген, экспортқа бағытталған. Құс фабрикасының құрылысы жалғасуда. «Баласауысқандық» ванадий кен орнында жыл соңына дейін өнім көлемін ұлғайту жоспары бар. Газ поршеньді электр жылу станциясы мен керамикалық плитка зауыты құрылыстары түрік компаниясымен бірлесе атқарылады. Шетелдік әріптестермен бірге басқа да бірнеше жобалар жүзеге асады.

Тікелей эфирдегі әңгіме ауаны сол жағалаудағы қала құрылысына қарай ойысқанда, жақын арада пайдалануға берілетін «Рухани жаңғыру» орталығының қасынан осы орталық басшысы Н.Мыңжас пен облыстық құрылысшылар ассоциациясының президенті Қ.Ерназаров байланысқа шықты. «Рухани жаңғыру» орталығы Қызылорда астана болған кездегі Қазақ орталық атқару комитеті үйінің үлгісімен, архивтен табылған ескі сызбаның ізімен салынды. 1925 жылы Қазақ орталық атқару комитетінің ғимаратында ұлтымыздың қазақ аты қалпына келтіріліп, қаланың Ақмешіт аты Қызылордаға ауысқан. Осы тарихи ғимаратты қайта жаңғырту, республикада алғашқылардың бірі болып «Рухани жаңғыру» орталығының Қызылордада ашылуы – ұлт тарихы мен руханиятына құрметтің белгісі.

Жалпы Бас жоспар бойынша Сырдарияның сол жағалауы 15 шағын ауданнан тұрады. Қазір мұнда 770 пәтерден тұратын 18 көпқабатты үй, 320 орындық балабақша, музей, жастар үйі, «Болашақ» университеті кампусының құрылыстары мен ауызсу, кәріз, газ, электр желілері, Алдағы уақытта қосымша 16 тұрғын үй, 300 орындық көпсалалы аурухана, Неке сарайы, мектеп, балабақша, отбасылық медициналық орталық және «Ширкейлі» каналының үстіне көпір салынбақ. Оған қоса әртүрлі қаржы көздерінен сауда, бизнес, ойын-сауық нысандарының құрылысын жүргізу жоспары бар. Қыркүйектің екінші онкүндігінде сол жағалаудағы алғашқы шағын аудан Қызылорда қаласының 200 жылдығына сыйлық болғалы тұр.

Одан әрі аймақ басшысы А.Жарқынбекқызының сайт арқылы жолдаған сауалына орай Қызылордада ашылатын Дәстүрлі өнер академиясы мен мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты туралы айтып берді.

– Жаңа ғасырдың мұнайы – ақпараттық және сандық технологиялар екенін ескерсек, бұл пәндерді жетік білетін мамандарды жастайынан дайындау керек. 300 орындық интернаты бар 400 оқушыға арналған мектеп сол жағалауда бой көтеретін болады, – деді облыс басшысы.

Дәстүрлі өнер академиясының Сыр елінде ашылуы заңдылық сияқты. Өйткені, өнердің кәусар бұлағының бастауы осында жатыр. Академия құрамында колледж, бакалавриат және магистратура болмақ.

Облыс әкімі Астананың 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығына орайластырылған шаралар туралы айтты. Қызылордадағы Астана күндері, Елорда мерейтойына арналған зымыран техникалары ашық музейін сыйға тарту – мерекелік шаралардың бір парасы.

Қырымбек Елеуұлы бұған дейінгі сұхбаттарында да облыс дамуындағы ең мақтан тұтатын көрсеткіші – мектеп бітірушілердің 97 процентінің жоғары және арнаулы оқу орнына түскені екенін айтқан болатын. Оған қоса тұрмысы төмен, көпбалалы отбасы балаларына арналған облыс әкімінің гранты тағайындалды. Әрине, бұл саладағы ең жарқын жетістіктің бірі ретінде балаларымыздың Ресей Үкіметі есебінен Мәскеу мен Санкт Петербургтегі ең үздік техникалық жоғары оқу орындарында оқып жатқанын айтамыз. Қызылорда – өз түлектеріне осындай мүмкіндік ұсынып отырған бірден-бір өңір.

Биыл ерке Есілдің бойындағы ел ордасы өзінің 20 жылдығын атап өтеді. Біздің аймақ мерейтойға арнап ашық аспан астындағы ғарыш музейін тарту етпек. Ол үшін «Қазақстан ғарыш сапары» ұлттық ғарыш орталығы 1,4 гектар жер телімін бөлді. Ашық аспан астында «Союз», «Протон», «Зенит» зымыран тасығыштары мен «Боран» орбитааралық кемесінің макеттерінен құралған зымыран-ғарыш техникасы музейі орналасады.

– Енді Нұрсұлтан Назарбаев атындағы әуежай арқылы Астанаға кіре бергенде оң жағыңызда «Нұр Әлем» сферасы, сол жағыңызда Тұран даңғылының бойында биіктігі 60 метрге жуық «Союз», «Протон», «Зенит» және «Боран» зымырандары көрініп тұратын болады. Келісімшартқа сәйкес оларды 15 маусымға дейін жеткізу, орнату жоспарланып отыр. Экспозиция маусым айының аяғына таман дайын болады, – деді облыс әкімі.

Бүгінде құрылыс-монтаж жұмысы қарқынды түрде жүргізіліп, бір жағынан ғарыштық кемелердің макеттері жасалып жатыр. Ғарыш музейі мен планетарий салу жобасы бойынша міндетті «Қазғарыш» агенттігі мойнына алған. Одан бөлек, аумақта серуендеу аймағы, ақпараттық стендтер жасақталады. Бұл мерейтой қарсаңында алғашқы астананың жаңа әрі жас астанаға арнаған сыйы, құрметі әрі сырбойылықтардың Елбасына ризашылығының бір көрінісі болғалы тұр.

Диас Фазылов – облыс әкімдігі ұйымдастырған «Hack Day-2017» байқауына қатысушы. Ол ақпараттық технологияға аңсары ауып тұратын өзі сияқты жастар үшін өңірде қандай мүмкіндіктер барын білгісі келіпті. Статистикаға сүйенсек, бүгінде аймақта 61 жастар ұйымы, 9 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай жастарға қызмет көрсету орталығы іске қосылады.

– Сырдарияның сол жағалауында салынып жатқан жастар ресурстық орталығының IT паркі болады. Ол Қазан қаласындағы IT паркінің үлгісі негізінде жасалады. Өйткені Татарстан – ақпараттық технологияларды дамыту бойынша Ресейдегі ең озық орталық. Бұл жұмыстың барлығы осы салаға қызығушы жастардың талабын ұштап, алға ұмтылуына мүмкіндік беретіні сөзсіз, – деді аймақ басшысы.

Еске салсақ, «Hack Day-2017» байқауына 500-ден астам жас қатысып, олар ұйымдастырушылар күткендегіден озық нәтиже көрсетті. Осы орайда алғашқы өңірлік IT паркі Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада ашылды. Оның құрамында ақпараттық-тіркеу бөлімі, жұмыс, презентация, бизнес-келісім, әңгімелесу-демалыс, оқыту аймақтары мен технолаборатория, 3D студиясы, серверлік бөлме бар. Мұнда талантты жастар стартап жобаларын, алғашқы нұсқаларын әзірлеп те үлгерді. Бүгінде жаңашыл жастар жасаған 14 жобаны іске асыруға бюджеттен қаржы бөлінді. Астаналық, алматылық кәсіпкерлер тағы 4 жобаны қаржыландыруға ынта білдіріп отыр.

Былтыр мектеп бітірген қызылордалықтардың 97%-нің жоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсуін аймақ басшысы әркез мақтанышпен айтып жүреді. Бұл маргинал жастар қатарын, болашақ экстремистер мен қылмыскерлердің орнын толтыратын әлеуметтік базаны қысқартуға септігін тигізеді деген сенім бар. Соңғы үш жылдан бері ҰБТ қорытындысы бойынша Қызылорда облысы – республикадағы үздік бестіктің құрамында. Бағдарлама барысында аймақ басшысы осы позицияны сақтап қалу қажеттігін атап өтті. Биыл шешуші сынақ әдеттегідей 9 тестілеу пунктінде 20 маусым мен 1 шілде аралығында өтеді. Оған қатысуға талаптанып отырған түлектерге облыс әкімі сәттілік тіледі.

Сыр жастарына аймақ басшысының қолдауы айрықша. 2014 жылдан бері түлектер Мәскеудің, Санкт-Петербургтің жетекші инженерлік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды. Бүгінде Ресей астанасында 452 студент білім алып жүр. Биыл 76 жас оқуын аяқтаса, соның 31-і магистратураға қалу туралы шешім қабылдады. Қалғаны туған жерге оралып, жұмысқа орналасады. Бұл бағыттағы қолдау биыл да жалғасады. Қазірдің өзінде Мәскеу энергетикалық институты, Губкин атындағы Мәскеу мұнай және газ университеті өткізген емтиханға сырбойылық 670 түлек қатысты. Сынақ нәтижесі 15 маусымда белгілі болады.

Алдағы оқу жылынан бастап М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті «Киберқауіпсіздік» және «Процестерді математикалық модельдеу» мамандықтары бойынша жыл сайын тағы 20 грант, оған қоса 20 адамды «Ақпараттық және цифрлық технологиялар» мамандығы бойынша Татарстанның Иннополис университетінде оқыту туралы келісім жасалды. Бүгінде Иннополисте өтетін конкурсқа қатысу үшін 31 бітіруші өтініш беріп қойды. Ал Мәскеу мемлекеттік университетіндегі емтихан шілденің 10-ы мен 25-і аралығына белгіленген.

Тікелей эфир кезінде хабарласқан Қызылорда қаласындағы «Сабалақ» саяжайы тұрғындарының бірі медицина саласындағы түйткілді қозғады. Айтуынша, саяжай тұрғындарын қамтитын Тасбөгет кентіндегі №4 қалалық емхананың тозығы жеткен. Ғимарат бөлмелерінің тар болуы да келушілер үшін қиындық туғызады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жоғарғы қабаттарға көтерілуіне де жағдай жасалмаған. Осы орайда тұрғындардың «мәселе тез арада шешілсе» деген тілегі бар. Бұдан хабардар екенін жеткізген аймақ басшысы:

– Тасбөгеттегі емхананың ескі және санитарлық талаптарға сай емес екенін біз білеміз. Оның орнына жаңа ғимарат салу мәселесі бұған дейін де көтерілді. Инвестор табылып, жер телімі бөлінді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жақын арада 250 келушіге арналған типтік үлгідегі емхана салына бастайды. Жоспарға сәйкес құрылыс келесі жылдың күзінде аяқталуы тиіс, – деді.

Денсаулық сақтау саласындағы негізгі басымдық апатты жағдайдағы объектілердің мәселесін шешу болды. Соңғы 5 жылда өңірде 58 медицина мекемесі салынса, соның 49-ы немесе 84,5%-і ескі ғимараттардың орнында қайтадан бой көтерді.

Былтыр облыста апатты үйлер мәселесі оң шешімін тапты. 2013-2017 жылдар аралығында баспаналары құлау алдында тұрған 645 отбасы жаңа пәтерлерге көшіп, қоныс тойын тойлады. Есепті кезеңде 2 млн-нан астам шаршы метр баспана пайдалануға берілсе, Қызылорда қаласында 14 жаңа шағын аудан бой көтерді. Бүгінде жергілікті құрылыс компаниялары Сырдарияның сол жағалауында өздерінің қаржысы есебінен үйлер салып жатыр.

Мұндай қарбалас тірлік Арал ауданында да жүруде. Өйткені, уәде етілгендей, апатты жағдайдағы үйлерден көшірілген 19 отбасы осы шілде айында жаңа қоныстарына орналасуы тиіс. Бағдарлама барысында тікелей эфирге қосылған аудан әкімінің орынбасары Еркін Әбішев жұмыстың жай-жапсарымен таныстырды.

– Арал қаласындағы көпқабатты 2 үй апатты жағдайда деп танылған болатын. Оның бірінің төбесі биыл наурызда құлап, төтенше жағдай тіркелді. Абырой болғанда, зардап шеккендер жоқ. Аймақ басшысы сол уақытта ауданға келіп, тұрғындарды жедел түрде баспанамен қамтамасыз ету туралы тапсырма берді. Осы мақсатқа облыстық бюджеттен 310 млн теңге қаржы бөлінді. Бүгінде мұнда 27 үй салынып жатыр. Оның 19-ы – Жароков көшесіндегі үйдің тұрғындарына, қалғаны Аралтұз көшесіндегі апатты жағдайдағы баспанада тұратын 8 отбасыға беріледі, – деді ол.

Қазіргі күні мұнда рәміздер, балаларға арналған ойын-сауық және спорт алаңдары да қоса салынып жатыр. Алдағы уақытта бұл аумақ сәулеті келіскен ықшам аудан болады деген жоспар бар.

Одан кейінгі әңгіме өздігімен жұмыспен қамтылғандарға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек турасында өрбіді. Қазіргі күні тұрғындардың «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жеке кәсібін дамытуы үшін 6%-пен жеңілдетілген несие алуына мүмкіндігі бар.

– Ол үшін тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығына хабарласу керек. «Бастау-бизнес» жобасы бойынша да несие алуға болады. Келесі мүмкіндік – біз Қызылордада ет комбинатының құрылысына кірісіп жатырмыз. Оған союға қажетті мал дайындайтын кооперативтердің біреуіне мүше болып кіріп, мемлекеттің кооперативтерге бөліп жатқан субсидияларын иеленуге мүмкіндік бар, – деді облыс әкімі.

Жалпы, жыл басынан бері жеке қосалқы шаруашылықтарын, кәсібін дамыту үшін 1270 отбасы немесе 7580 адам біржолғы төлем ретінде ақшалай көмек алып, отбасының табысын арттырды. Шартты ақшалай көмек алушылардың жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік келісімшарт жасағанға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 2,2 есе өсті.

Осы ретте аймақ басшысы бірқатар сәтті мысалды алға тартты. Атап айтқанда, шиелілік Динагүл Абдуллаеваның отбасы шартты атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінгенге дейін өзі де, жолдасы да жұмыссыз болған. Әлеуметтік келісімшарт негізінде бұл отбасыға шартты ақшалай көмек тағайындалып, төленді. Жолдасы тұрақты жұмыспен қамтылды. Өзі азық-түлік дүкенін ашып, кәсіпкерлікке бет бұрды. Нәтижесінде отбасының жан басына шаққандағы табысы 3,8 есе көбейді. Арал ауданының тұрғыны Ақниет Оспанованың отбасы шартты ақшалай көмектің арқасында жеке монша, ал жаңақорғандық Нұркен Тұрдалиев жеке наубайхана ашып, кондитерлік өнімдер саудасына ден қойды.

Облыс әкіміне сұрақ қойғысы келетіндер аз болған жоқ. Солардың бірі – жеке кәсіпкер Қызылбай Жүсіпов мал шаруашылығын қолдау бағытында қандай бағдарламалар барын білгісі келіпті. Аймақ басшысы саладағы маңызды жаңалық ретінде етті мал шаруашылығын дамытудың 2027 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданғанын атап өтті.

– Алда тұрған басты міндет – етті мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтарды ірі кооперативтерге біріктіріп, сапалы ет өндірісінің бірыңғай жүйесін құру арқылы экспортқа өнім шығару. Аталған бағдарламаға сәйкес осы бағытта жұмыс істейтін тұлғаларға мемлекет тарапынан 15 жылға 4%-пен жеңілдетілген несие беріледі. Кепілдікке мүлік қоюға мүмкіндігі жоқтар үшін «ҚазАгроКепіл» акционерлік қоғамы мәселені шешу жолдарын қарастырады, – деді облыс әкімі.

Биыл – жергілікті «Қайсар» футбол командасының құрылғанына 50 жыл. Атаулы дата ескерусіз қалмайды. Команда жанкүйерлерінің тарапынан қала тұрғыны Самат Есқожин қойған сауалға аймақ басшысы осылай жауап қайырды. Жоспарға сәйкес клуб тарихында ізі қалған ардагер футболшылармен кездесулер, спорттық-мәдени шаралар ұйымдастырылады.

– «Қайсарға» барынша қолдау көрсетіп келеміз. Маусымның басында футболшылар Түркияда екі рет оқу-жаттығу жиынын өткізді. Жаттықтырушылар штабына жаңа ойыншылар таңдалды. «Қайсарға» үлкен үмітпен қараймыз. Меніңше, команданың символы ретінде қасқырдың бейнесі орынды таңдалған. Циркке барсаңыз, онда өнер көрсететін аңдардың арасынан бөріні кезіктірмейсіз. Өйткені ол ешкімнің ықпалына көнбейді, мінезді әрі намысшыл. Осы орайда «Қайсарға» қайсар мінез бен намыс, жетістік тілеймін, – деді облыс әкімі.

60-шы жылдан бері аспан мен жер арасын жалғаған Байқоңыр қаласының екінші даму кезеңі басталды. Қазақстан тарапынан қала тарихында алғаш рет 50 пәтерлік 5 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. Жалпы, қалада 90-шы жылдардан бері бірде-бір тұрғын үй салынбаған. Жаңа үйдегі пәтерлер жұлдызды қалашықта тұратын ел азаматтарына кезектілігіне сәйкес беріледі. Құрылысты жыл соңына қарай аяқтау межеленіп отыр. Қаладағы тұрғын үйлерді жекешелендіру процесі туралы соңғы уақытта жиі айтыла бастады. Осы орайда облыс әкімі ғарыш айлағы мен Байқоңыр қаласы 2050 жылға дейін Ресейге жалға берілгенін, сол себепті әзірге мұндай процесс жүргізу үшін құқықтық негіз жоқ екенін шегелеп берді.

Байқоңыр қаласында бұған дейін қан тазарту ісімен айналысып келген ресейлік аурухана бүгінде қызмет көрсетуден бас тартып отыр. Алайда, кейбір қала тұрғындары мұндай медициналық көмекке зәру. Көпшілікті алаңдатқан сауалға байланысты аймақ басшысы:

– Ресей Федерациясының федералдық медициналық-биологиялық агенттігінің Байқоңыр қаласындағы №1 орталық медициналық-санитарлық бөлімінде 3 гемодиализ аппараты тұрақты жұмыс істейді. Науқастар арасындағы алаңдаушылық соның біреуінің бір апта бойы істен шығуына байланысты болған. Қазіргі уақытта мәскеулік мамандар аппаратты жөндеп, іске қосты. Ендігі жерде де науқастар гемодиализ аппаратының көмегін еш кедергісіз пайдалана алады. Алдағы уақытта облыстық денсаулық сақтау басқармасы Байқоңыр қаласындағы облыстық медицина орталығының филиалында гемодиализ орталығын ашу бағытында жұмыс атқарып жатыр, – деп жауап берді.

Ал Қызылорда қаласындағы «Саяхат» шағын ауданының тұрғындарын жолдың жағдайы қинайды. «Жаңбыр, қар жауған күндері батпақтан аяқ алып жүру мүмкін емес. Әсіресе, мектепке қатынайтын оқушылар әбден әбігерге түседі. Жол салынса, жақсы болар еді», – дейді тұрғындар. Аймақ басшысы бұл мәселеден хабардар екенін жеткізе келе:

– 2017 жылы шет аймақтардың мәселесін шешуге жергілікті бюджеттен 40 млн теңге бөлініп, «Саяхат» шағын ауданындағы 40 көшеге тас төсеу, электр және су желілерін жүргізу мақсатында жобалық-сметалық құжат әзірленді. Бүгінде мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Биыл белгіленген көшелерге тас төсеуді бастаймыз. Одан бөлек, су желілерін қатар жүргіземіз, – деді.

Соңғы 5 жылда Қызылорда қаласының 500 шақырым жолдарын күрделі, орта деңгейдегі жөндеуден өткізуге және қайта жаңғыртуға 23 млрд теңге қаралды. Қаланың барлық кіреберіс жолы, соның ішінде орталық жолдар бірінші кезекте қалпына келтірілді. Шет аймақтардың түйткілі де назардан тыс қалған жоқ.

– Естеріңізде болса, 2013 жылы Әл-Фараби көшесінде «Джиппен» жүрудің өзі мүмкін емес еді. 2014 жылы бұл мәселені шешуге облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаржы бөлдік. 2014 жылы мұндай жұмыс Торайғыров көшесінде жүргізілді. Ендігі кезек – кішігірім ішкі жолдарда. Мысалы, өткен жылы және биыл Тасбөгеттің жолдарын жөндеуге 900 млн теңге бөлінді, – деді аймақ басшысы.

Бағдарлама соңында облыс әкімі әлеуметтік желілерге қатысты пікір білдірді.

– Әлбетте, мұның пайдалы жағы да, кері әсері де бар. Әлеуметтік желі – жаһандану үрдісінің бір белгісі, уақыт талабы. Мұнда шекара түсінік жоқ. Әлемнің кез келген түкпірінен керек ақпаратыңды дер кезінде ала аласың. Дегенмен, әрбір ақпарат объективті болуы тиіс. Өйткені, сөздің маңызы зор, – деп атап өтті облыс басшысы.





**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,**
**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы».**

DEREK PEN DÁIEK



# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ТӨМЕНДЕУІНЕ ӘСЕР ЕТТІ

Сарапшылардың атап көрсеткеніндей, 2018 жылдың 4 айының қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасындағы өсім инфляциялық қысымның төмендеуіне және жоғары инвестициялық белсенділікке негізделіп отыр. Инфляция жыл басынан бері 2,2% құрады. Бұл 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,5 пунктке төмен. Жылдық инфляция 6,5% деңгейінде тіркелді. Инфляцияны Ұлттық банк белгілеген жаңа дәлізде (5-7%) ұстап тұру қамтамасыз етілуде.

Еңбек нарығында тұрақтылық сақталуда. Жыл басынан бері 134,8 мың адам жұмысқа орналастырылды. Осы жылдың басынан бері нақты еңбекақының өсуі байқалады. Ол 1,2% құрады. Қаңтар-сәуір айларында орташа айлық еңбекақы 152,3 мың теңгені құрады.

Ұлттық банктің алтын–валюта сақтық қорлары өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда ($30,6 млрд дейін) 3%-ке өсті. Сонымен бірге, Ұлттық қордың активтері осы кезеңде 5,6%-ке ($59,3 млрд дейін) төмендеді.

2018 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы сыртқы сауда айналымы $21 млрд құрады және 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 24,3%-ке өсті, соның ішінде экспорт – $13,8 млрд (27% өсім), импорт $7,2 млрд (19,4%-ке артық) өсті.

Аталған кезеңде мемлекеттік бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) 105,1%-ке, олардың ішінде республикалық кірістер – 100,9%-ке, жергілікті бюджеттер 117,1%-ке асыра орындалды.

Республикалық бюджетке 1781,7 млрд теңге кіріс түсті. Бұл жоспардан 16 млрд теңгеге, ал былтырғы жылдың төрт айының көрсеткішінен 173 млрд теңгеге артық. Өсу қарқыны 110,7% құрайды. Жоспардың артығымен орындалуы негізінен салықтар бойынша қалыптасты. Олардың ішінде, үстеме табыс салығы – 8,5 млрд теңге, шикі мұнайға салынатын экспорттық кеден баж салығы 32,1 млрд теңге құрады.

Қазақстанда 2018 жылдың 4 айында 24,1 млн тонна мұнай экспортталды, бұл 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 104,3 % құрайды. Мұнай өңдеу көлемі 5,1 млн тоннаны немесе осы жылдың 4 айының жоспарына қарағанда 104,6% құрады.

Жалпы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырысына сәйкес дизель отынының қажеттілігі толық көлемде орындалды. 2018 жылғы наурыз айына көктемгі егіс жұмыстарын өткізу үшін дизель отынының ұсынылатын бағасы тоннасына 156 000 теңгені құрады.

2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, электр энергиясы 8%-ке артты. Көмір өндіру көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 103,2%-ті құрады.

2018 жылы 4 айдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 5,1%-ға өсті. Атап айтқанда, тау-кен өнеркәсібіндегі өсім 4,9%, өңдеу өнеркәсібінің өсімі 5,9% болды.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 14 аймақта өсіп отыр. Тау-кен өнеркәсібінде түсті металдар кенін өндіру көлемі 2,1%-ға және темір кенін өндіру көлемі 3,9%-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібіндегі жалпы салалар бойынша оң серпін бар. Металлургия өнеркәсібінде 4,1% (қара металлургия 6,1%-ға, түсті 2,4%-ға), химия өнеркәсібінде 14,1%, машина жасауда 10,2%, фармацевтикада 7,7%, құрылыс материалдарын өндіруде 3,8%, жеңіл өнеркәсіпте 2,1% өсім қалыптасты.

Сарапшылардың пікірінше, негізгі базалық металдар бағасының өткен жылдың деңгейінде сақталуы Қазақстан өнеркәсібі өндірісінің көлеміне оң ықпал жасады.

2018 жылдың қаңтар-сәуіріне Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары былайша сипатталады.

2018 жылғы I тоқсанда жұмыссыздар саны бағалау бойынша 16,6 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күші санына 4,8% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 2018 жылғы сәуірдің соңына 9,3 мың адамды құрады немесе жұмыс күшіне 2,7% болды.

2018 жылғы I тоқсанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы бағалау бойынша 122022 теңгені құрады.

Тұтыну бағаларының индексі 2018 жылғы сәуірде 2017 жылғы желтоқсан айымен салыстырғанда 102,6% құрады. Азық-түлік тауарларына бағалар 3,1%-ға, азық-түлік емес тауарларына–1,8%-ға, халыққа арналған ақылы көрсетілетін қызметтер – 2,7%-ға өсті.

Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағалары 2018 жылғы сәуірде 2017 жылғы желтоқсан айымен салыстырғанда 5,2%-ға өсті. 2018 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 50895 млн теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 26,1%-ға жоғары.

2018 жылғы қаңтар-сәуірдегі «Сауда» саласы бойынша нақты көлем индексі 102,6%-ды құрады. Бөлшек сауда көлемі 83562,3 млн. теңгені немесе 2017 жылғы қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 101,9% құрады (салыстырмалы бағада). Ал көтерме сауда көлемі 44014,7 млн теңгені немесе 2017 жылғы қаңтар-сәуірімен салыстырғанда 104,2% құрап отыр.

Дайындаған **Ж.ӘЛМАХАН.**

ǴIBRAT

# КӨЗДЕН КӨШКЕНІМЕН, КӨҢІЛДЕН ӨШПЕЙДІ



**Біздің бүгінгі ауылдардың дамуы кешегі кеңестік дәуірдің орта кезінде бір ізге түсті. «Ильич» шамының жарығы кешке оталып, тамақ ішіп болғанда сөнетін мотордың жібіне байлаулы болған. Мұның бәрін айдау жолдың шаңын кешіп, бастауыш мектепке барған алдыңғы толқын жақсы біледі.**

Сол ауылдарды көктетіп-көгерткен, өсіріп-өндірген аға буынның ерен еңбегі, елді, жерді сүйген азаматтық күш-жігері емес пе еді?! Олардың жан дүниесіндегі адамдық парызға адалдық, имандылық, мейірімділік секілді туабітті қасиеттері де ерекше. Осындай ерекше жандардың бірі, ауыл-аймағы ардақ тұтқан абзал жан Бектас Тоқсанбаев болатын.

Бектас Болатұлы 1939 жылы Бәйгеқұм ауылында өмірге келген. Мектептен соң Қызылорда медицина училищесінде оқып, бітірген.

1964-1970 жылдары Алматы медициналық институтында білім алып, еңбек жолын Жөлек ауылдық ауруханасында дәрігер-терапевт болып бастаған. 1973-1988 жылдары Жөлек, Бәйгеқұм ауылдық ауруханасында бас дәрігер болып қызмет еткен. Он төрт жыл ауылдық кеңес депутаты болып, ауылдастарының көкейтесті мәселелерін жоғарғы басшылық назарына салып, олардың өз шешімін табуына талмай бейнеттенген азамат. Осындай еңбеккештігімен еленген ақ желеңді абзал аға талай мәрте салалық мақтаулар алды, Қазақстан дәрігерлерінің съездеріне қатысты. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісін иеленді.

Алайда, Бектас Болатұлының ең үлкен, ең құрметті марапаты ел алғысы болды. Бәйгеқұмдықтар бұл кісінің атын ешқашан ауыздан тастаған емес.

Мына бір оқиға ағаның туған жерге, жерлестеріне нағыз жанашыр адам екенін дәлелдейді. Өзі зейнетке шыққан соң, басшылық ауыл ауруханасының бас дәрігерлігіне сырт жердің адамын қызметке жіберген. Осы жағдайда ауылдағы әрбір науқас адамның тарихын білетін, олардың басы ауырса, шекесі сыздайтын ауылдан шыққан қатардағы дәрігерді құзырлы орындарға дәлелдей отырып, бас дәрігерлікке бекіттірген. Бұл кісіге «өзімнен өткесін не болса, ол болсын» дейтін атүстілік жат болатын.

О баста осы бүгінгі Бәйгеқұмдағы аурухана басқа ауылдан салынатын болып, бұл іске байланысты да Бектас аға совхоз прорабы Мұстафа Сыздықов секілді елшіл азаматтармен бірігіп, облыстық басшылыққа қайта-қайта кіріп, аурухананы ауылда салдыртуға атсалысқан. Сол ауруханада ота, перзентхана бөлімін аштырып, көп жыл қызмет еткен.

Зейнетке шыққан алғашқы жылдары тұрғындар ауруханаға барудың орнына осы кісіге келіп көрінетін қызық оқиғалар кездеседі. Осының өзі-ақ ол кісінің адам жанына жақындығымен бірге білгір маман екенін дәлелдейді.

Бектас аға 2012 жылы қайтыс болды. Қаншама науқас жандарды емдеп, өмір қуанышын сыйлады. Артына ізгілік қалдырды. Өз кәсібіне баулып, біліктілік тәжірибесін үйреткен Зағира Мұхамедова, Алексей Ким, Гүлмира Оразбекова секілді шәкірттері бүгінде белгілі дәрігерлер, ел денсаулығы күзетінде қызмет етіп келеді. Сондай-ақ, «ата көрген оқ жонып», Бектас атаның үш бірдей перзенті медицина саласын таңдады. Олар да бүгінде ел-жұрттың алғысын алып, әке атына бәрекелді айтқызып жүр.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біз «жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш» деген еді. Осы сүбелі сөздің астарынан туған жеріне еңбек күшін арнаған, ағайыннан қолда барын аямаған Бектас Болатұлы секілді азаматтарды дәріптеудің ұрпақ алдында қандай маңызға ие екенін ұғамыз.

**А. СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ.**

«TSIFRLYQ QAZAQSTAN»



# РОБОТОТЕХНИКА – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

Еліміздің қазіргі таңдағы маңызды стратегиялық бағыттарының бірі – білікті мамандарды қажет ететін индустрияны дамыту. Бұл стратегияны жүзеге асырудың бастамасы ретінде білікті мамандарды дайындау мақсатында білім көтеру орталықтары информатика, физика, математика пәні мұғалімдерін осы салаға бейімдеп, робототехниканың қыр-сырын терең оқытып, ұстаздар білімін заман талабына сай шыңдаумен айналысуда. Жуырда Алматы қаласындағы республикалық біліктілікті арттыру «Өрлеу» ұлттық орталығында жер-жерден келген мамандармен бірге оқып, робототехника саласы бойынша тың жаңалықтармен білімімді толықтырып, үлкен әсермен оралдым.

Бұл орталықтағы STEM қағидаларына негізделген «Робототехника негіздері» атты курстың бағдарламасы жалпы орта мектеп оқушыларының инженерлік және дизайндық-ойлау, математикалық модельдеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында педагогикалық инновациялар мәнмәтінінде әзірленген екен. Курс аясында педагогтар «Робот техникасы» элективтік курсының Lego mindstorms EV3 Education жинағымен және Arduino Uno микроконтроллерінде роботтарды құрастыру және бағдарламалау элементтерімен таныстық.

Әдетте роботтар көбінесе өндіріс саласында қолданылады. Болашақта роботтар адамдармен тығыз қарым-қатынаста болып, біздің елде де басқа елдегідей роботтардың тұрмыста үлкен рөл атқаруына үлес қосуымыз қажет. Ол үшін келер жас ұрпаққа работехникаға деген қызығушылығын арттырып, түрлі салаға қажетті роботтарды ойлап табатын балалардың қабілеттерін шыңдауға міндеттіміз. Келешекте роботтардың кең қолданысы медицина саласында болады деп ойлаймын. Қазір дамыған мемлекеттерде реабилитация мақсатында қолданылып жүрген физиотерапияны роботтар жасайды. Келешекте бізде де робот технологиясын халық денсаулығын жақсарту немесе медицина саласына белсенді түрде енгізе отырып, роботтардың пайдасын көреміз деген сенімдемін.

Қазақстандағы робототехника өте жас сала болғандықтан, айтарлықтай жетістіктерге әлі жетпедік. Елімізде енді ғана қарқынды дами бастады. Мектептерде үйірмелер ашылып, оқушылар робототехника саласымен танысуда. Балалар мектеп жасында танысса, бұл салаға қызығушылық пайда болады. Ол үшін Қазақстандағы робототехника саласындағы әр адам басқа дамыған елдердегі ғалымдармен салыстырғанда бірнеше есе көп жұмыс жасап, тынымсыз еңбектенуі керек. Сонда ғана Қазақстандағы робототехника саласы белгілі бір жетістікке жетіп, өзіміздің индустриалды роботтарды шығара алатын зауыттарды құра аламыз. Әрине, бұл мақсатқа жету өте күрделі, бірақ жүзеге асырылмайтын іс деп ойламаймын. Ең бастысы, шын ниетпен ықыластанып еңбектенсе, кез келген адам алдына қойған мақсатына жетеді.

Өсіп келе жатқан жас буынмен бірге бой көтеріп келе жатқан еліміздің робототехника саласының нәтижесінде адам өмірін жеңілдетуге арналған роботтарды күнделікті өмірде қолданатын уақыт алыс емес. Осындай бастамалар инновациялық-индустриалды Қазақстанның болашағын жарқын етпек.

**Айзада ҚҰЛТАЙ,**
**№214 орта мектебінің информатика пәні мұғалімі.**
Шиелі ауданы,
Ә.Тәжібаев ауылы.

# ТАБИҒАТ ТАМЫРШЫСЫ ЕДІ



Әлемдік экологияның жағдайы бүкіл жаһан жұртын алаңдатып келе жатқанына көп жылдардың жүзі болды. Ондағы сын-қатерлерге қарсы тұру, күрделенген мәселені шешу – барша адамзаттың ортақ шаруасы. Қоршаған ортаны қорғау мәселесі біздің еліміз үшін де аса маңызға ие.

Мәселен, біздің облыста экология басқармасы 1988 жылы құрылса, оның аудандағы бөлімшелері 1989 жылдан жұмысын бастады. Мен осы жылдары облыстық экология басқармасының Жаңақорған ауданындағы өкілі, бас маманы, аудандық экология басқармасының басшысы қызметтерін атқардым. Ол кезде облыстық басқарманың басшысы Тыныштықбаев Елтай Байназарұлы болатын. Одан кейінгі кезеңдері Шапшаңов Қуанышқали Рахманбердіұлы ағамыз басшылық етті.

Қай саланы алмайық оның жұмысының жақсы жүруі білікті кадрларға байланысты. Кеңестік кезеңдегі "Кадрлар бәрін шешеді" деген ұрансөз қай кезең, қандай қоғам болса да маңызын жоймайды деп ойлаймын. Экология басқармасы құрылып, жұмыс істей бастаған жылдары бұл салада арнаулы дайындалған мамандар жоқтың қасы еді. Десе де жаңа істе үлкен жауапкершілікпен жұмыс істеген азаматтар аз болмады. Міне, енді бүгін Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында, сондай-ақ биыл экология саласының құрылғанына 30 жыл толуына орай сондай жандардың бірін еске алып отырған жайым бар.

Ол – Тілеубеков Бақыт Оразбекұлы. Бұл азаматты бұрыннан да көріп жүргеніммен танысуым жол үстінде болған еді. 1992 жылдың жазында облыс орталығындағы басқармаға есебімді тапсырып келе жатқанымда Бақыт екеуміз бір вагоннан табылдық. Ол жігітті күнделікті үйімнің жанынан жұмысқа кетіп бара жатқанын көріп, оның киім киісі мен жүріс-тұрысына риза болып жүретінмін. Ал вагон ішінде екеуміз шүйіркелесіп жақсы сөйлесіп кеттік. Артық сөзі жоқ, мәдениетті жан екенін сезіне түстім. Мен сол жолы басқармадан бір қосымша штат бірлігін алып келе жатқан болатынмын. Маған маман керек екенін айтып, Бақытбекке ұсыныс жасадым. Ол бірден келісімін берді.

Осылайша ауыл шаруашылығы саласының маманы Б.Тілеубеков экология басқармасының қызметкері болып шыға келді. Оның ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша алған білімі мен жұмыс тәжірибесі экология талаптарын орындауда өте көп пайдасы тиді. Мысалға, сол уақыттары шаруашылықтар күріш өнімділігін арттыруды көздеп, тыңайтқыштарды бекітілген нормадан артық қосуды әдетке айналдырған екен. Бақыт осы келеңсіздікке тосқауыл қойып, оны нормаға сәйкестендіруге көп күш салды. Бұл өз кезегінде аяқсу сапасының тазаруына әкелді. Сол секілді "Шалқиядан" шыққан зиянкес заттардың бей-берекет тасталуының жолын кесті.

Ол жұмысына тиянақты болып, үлкен жауапкершілікпен қарады. Барған жерінде адамдармен тіл табыса білді. Жан дүниесі таза адам еді. Таза табиғат – халық байлығы деген ұстаныммен жұмыс істеді. Сол секілді "Табиғатқа қамқорлық – ең алдымен адамға қамқорлық, одан табиғатымыз ғана жаңарып қоймай, адам санасына да өзгеріс енеді. Адамдар қайырымдырақ бола түседі. Табиғатқа қамқорлық барлық жерде, әр үйдің ауласынан басталса, оның ауқымы да кеңи түспек" деген ойды жеткізіп жүретін. Содан да болар "Бақыт-эколог" деген атқа ие болып, абыройлы қызмет атқарды.

Мен 1999 жылы қызмет бабымен Қызылорда қаласына ауысқанымда орнымда басшы болып Бақыт қалды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тың жүйесі құрылуының және қалыптасуының кезеңі келді.

Ондағы жетістіктер өз саласын жетік түсінген, адал қызмет жасаған басшылар мен мамандар еңбегінің нәтижесінде жүзеге асты. Бақыт Оразбекұлы солардың бірі еді. Оның атқарған жұмыстары министрлік, облыстық әкімдік және басқарма тарапынан лайықты бағаланып, түрлі марапаттарға ие болды.

Әттең, өмірден ерте озды. Ол аудандық басқарманың басшысы болып жүргенде науқастанып, 2012 жылдың қаңтарында дүние салды. Балаларын жетілдіруді жолдасы Райкүлге қалдырып кетті. Бүгінгі күні үлкен қызы Айдана, ұлы Бауыржан бірбір мамандық иесі. Кіші қызы Аружан студент.

Иә, өзі кеткенімен, артында жақсы істері жарқырап тұратын асыл жандар бар. Бақыт сондай азамат еді...

**Байкенже АХМЕДОВ.**

BRIFING

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ– БІР ОРТАЛЫҚТАН



**Бүгінде елімізде 746 мемлекеттік қызметтің 621 түрі "Азаматтарға арналған үкімет" жүйесіне өткен. Осыған сәйкес, электронды үкімет инфрақұрылымы арқылы 452 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Қазіргі таңда мемлекеттік корпорацияның облыстық филиалы 446890 мемлекеттік қызмет көрсетіп отыр. Оның 58,2 проценті электронды түрде жүргізілген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының облыс бойынша филиал директоры Айдын Қайруллаев хабарлады.**

Соңғы 4 айда атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы міндеттер пысықталған жиында филиал директоры "Азаматтарға арналған үкімет" КЕ АҚ мемлекеттік корпорациясын қайта ұйымдастырудың сәтті шыққанын да жеткізді.

– Корпорацияның басты мақсаты – мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдері арқылы жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру. Қайта ұйымдастырудың күрделілігіне қарамастан, біз еш іркіліссіз жұмыс жасап, қызмет сапасын арттыру шараларын жүргізіп жатырмыз, – деді Айдын Бөкенбайұлы.

Қазіргі сәтте облыс бойынша зейнет жасындағы 71470 азамат бар. 1-шілдеден бастап осы азаматтарға көбейтілген базалық зейнетақы төленеді.

– Базалық зейнетақы төлеу үшін қайта есептеу жұмыстары жүргізілуде. Зейнеткерлер ешқандай қосымша құжаттар тапсырмайды, барлығы базадан алынады. Егер де зейнеткердің еңбек өтілі 10 жылға дейін болса 15274 теңге, 20 жыл болса, қазіргі төленіп жатқан базалық зейнетақыға 5657 теңге қосылып, 20931 теңге болады. Ал, жұмыс өтілі 33 жыл болса, 28284 теңге төленеді, яғни 13010 теңге қосылады. Сонымен қатар 1-шілдеден бастап 18 жастан асқан, бала кезден I топ мүгедектігі барларды тәрбиелеп отырған ата-ана немесе қамқоршыларына 29699 теңге жәрдемақы төленеді. Бұл жәрдемақыны облыс бойынша 18 жасқа дейінгі мүгедек баласы бар ата-ана алып келген. Бұл жаңашылдық халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған игі шара екені сөзсіз, – деді филиал директоры.

Алдағы уақытта автокөлігін тіркеуге келген азамат мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында бос жатқан, яғни, саудаға түспейтін кез келген нөмірді және әріптік таңбаларды өзі таңдайтын болады. Аталған қызметтің бағасы 6734 теңгені құрайды. Ал, "вип" номерлерге мұндай жеңілдік қарастырылмаған. Айта кету керек, жыл басынан бері жалпы құны 5897060 теңге болатын 34 вип номері сатылған.

Жиында бұдан бөлек, 87 қызметті оңтайландыру және түрлі мемлекеттік органдарға 531 қызметті жеңілдету шешімі қабылданғандығы айтылды. Сондай-ақ, 200-ден аса қызмет электронды портал арқылы көрсетілсе, 33 қызмет 14 композиттік қызметке бірігіп, ал 12-сі проактивті форматқа көшетін болады.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,**
**«Сыр бойы».**

# АЛҒАШҚЫ ЖАҒДАЙ ТІРКЕЛДІ

**Аймақта менингококты инфекцияның алғашқы жағдайы тіркелді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қоғамдық денсаулықты сақтау департаментінің басшысы Ұлболсын Аханаева мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жақсылық Абудусаметов хабарлады.**

– Инфекцияның алғашқы белгісін жұқтырған Жаңақорған ауданының 27 жастағы тұрғыны. Ол 31 мамыр күні жедел түрде ауруханаға жатқызылды. Тексеру жұмыстары жүргізіліп, барлық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Қазіргі күні жағдайы тұрақты ауыр деп бағалануда. Аталған жағдайға байланысты облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан штаб құрылып, жұмысын бастады. Басқарма мен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы және қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің мамандары осы ауданда жұмыс жүргізуде, – дейді Ж.Абдусаметов.

Айта кеткен жөн, тіркелген оқиғаға байланысты науқаспен қарым-қатынаста болған 11 адам анықталып, бақылауға алынған. Жаңақорған аудандық аурухана қызметкерлері тарапынан үй аралап, аталған сырқатқа күдіктілерді анықтау және ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен, облыс көлемінде менингококты инфекцияның алдын алу және ерте анықтау шаралары ұйымдастырылуда.

Жиын барысында Ұлболсын Аханаева инфекцияның таралуы мен белгілеріне тоқталды.

– Инфекция негізінен сырқат адамнан ауа және тамшы арқылы таралады. Сондықтан жеке бас гигиенасын сақтау, халық көп шоғырланған ортадан сақтану, бетперде қолдану өте маңызды. Мұндай диагноз 2014-2015 жылдары да тіркелген. Бірақ ерте алдын алу жұмыстарын жүргізу мен тұрақты ем қабылдаудың арқасында тіркелген азаматтар айықты. Сол себепті дене қызуы көтеріліп, бас ауырып, денеге бөртпелер шығып жатса, дереу көрінген абзал. Бұл індет ауа арқылы берілетіндіктен тез тарайды. Сақтық, алдын алу шараларын күшейтуіміз керек, – дейді ол.

Инфекциядан сақтанудың тиімді жолдарының бірі – вакцинация қабылдау. Ақылы екпе жұмыстары алдағы уақытта басталады. Оның құны 22 мың теңге көлемін құрайды.

**М.ОТАРАЛЫ.**

# 4 НАУҚАС АНЫҚТАЛДЫ

**Биыл өңіріміздегі 139 елді мекен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қолайсыз деп танылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова мәлімдеді.**

– Табиғаттан кенені жойып жіберу мүмкін емес. Дегенмен уақытылы залалсыздандырып отыру керек. Соңғы жылдары Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының энзоотиялық ошақтарының таралу аймағының өзгеруі байқалуда. Бұрын мұндай жағдайлар Шиелі, Жаңақорғанда тіркелсе, соңғы 2 жылда Қазалы, Қармақшы, Арал аудандарында кенелердің жұқпалылық деңгейінің артуы байқалады, – деді ол.



Қазір облыс бойынша ККГҚ-ға күдікті 4 науқас анықталды, оның үшеуі Қызылорда қаласынан, біреуі Қазалы ауданынан, диагнозы лабораторлы түрде нақтыланған жоқ. Табиғи ошақтарды зерттеу мақсатында облыс бойынша 2507 кене сынамасы зерттеліп, оның 51-нен оң нәтиже, яғни, вирус анықталды. Сонымен қатар, өткен жылы кене шағу жағдайымен 565 адам медициналық көмекке жүгінсе, биыл 428 тұрғынға көмек көрсетілген. Яғни, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 24,2 процентке төмендеген.

– Өңірімізде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын тасымалдайтын иксодты кенелердің 6 түрі бар. Оның үшеуінен вирус анықталған. Айта кету керек, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы 100% емделетін ауру. Өкінішке орай, науқастар немқұрайлылық танытып, дәрігерге кеш жүгініп жатады. Табиғатқа демалуға шыққанда, мал қырқымына қатысқанда, шөп шабудан кейін міндетті түрде тексеруден өту керек. Себебі, кейбіреуі кене шаққанын байқамай қалуы мүмкін. Сондықтан сақтық шараларына аса көңіл бөлулеріңізді сұраймыз, – деді Ә.Әбдіқайымова.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабаев айтуынша, тұрғындар арасында кенеден сақтану, аурудың алдын алу мақсатындағы санитарлық тазалау жұмыстары пәрменді жүргізіліп жатыр. Санитарлық тазалау қызметі барлық ауылдарды аралап жүр. Сол қызмет түрін тұрғындар қорықпай пайдаланып, мал қора мен тауық кепелеріне дезинфекция жасатып алуы керек. Бұл қызмет тегін көрсетіледі.

**Шынар БЕКБАН,**
**«Сыр бойы».**

*ЖОБА*

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
№ Қызылорда қаласы

## «ЖАРНАМА ОБЪЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША АЙ САЙЫНҒЫ БАЗАЛЫҚ ТӨЛЕМАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ МӨЛШЕРІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 16 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 302 ШЕШІМІНІҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Жарнама объектілері бойынша ай сайынғы базалық төлемақы мөлшерлемелерінің мөлшерін арттыру туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №302 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5194 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 31 қазанда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде, 2015 жылғы 10 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| **Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 20-сессиясының төрағасы** | **Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы** |
| **К. Үйреков** | **Н. Байқадамов** |

ЖОБА

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы №814 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5886 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 1 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р.Рүстемовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Көшербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2018 жылғы «__» ________ № ____ қаулысымен
бекітілген

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

| р/с | Мамандықтар коды мен атауы | Біліктіліктер коды мен атауы | Мемлекеттік білім беру тапсырысы, орындар саны (күндізгі оқу нысаны) жергілікті бюджет | | Бір маманды оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 9 сынып негізінде | 11 сынып негізінде | |
| 1. | 0101000-Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 0101033-Мектепке дейінгі ұйымдардың ағылшынша білімі бар тәрбиешісі | 50 | | 457,17 |
| 2. | 0102000-Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша) | 0102013-Қосымша білім беру педагогы | 20 | | 457,17 |
| 3. | 0103000-Дене тәрбиесі және спорт | 0103033-Спорт жаттықтырушысы - оқытушы | 20 | | 457,17 |
| 4. | 0104000-Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) | 0104023-Өндірістік оқыту шебері, техник-технолог (барлық аталымдар бойынша) | | 20 | 457,17 |
| 5. | 0105000-Бастауыш білім беру | 0105043-Өзін-өзі тану мұғалімі | 20 | | 457,17 |
| | | 0105083-Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі | 50 | | 457,17 |
| 6. | 0109000-Өмір қауіпсіздігі және валеология | 0109013-Өмір қауіпсіздігі және валеология пәнінің негізгі орта білім беру мұғалімі | 20 | | 457,17 |
| 7. | 0111000-Негізгі орта білім беру | 0111083-Шетел тілі мұғалімі | 20 | | 457,17 |
| | | 0111113-Ағылшынша білімі бар математика пәні мұғалімі | 25 | | 457,17 |
| | | 0111123-Ағылшынша білімі бар физика пәні мұғалімі | 25 | | 457,17 |
| 8. | 0301000-Емдеу ісі | 0301013-Фельдшер | 25 | 25 | 550,50 |
| | | 0301023-Акушер | 25 | | 550,50 |
| 9. | 0302000-Медбикелік іс | 0302043-Жалпы практикадағы медбике | 25 | 50 | 550,50 |
| | | 0302054-Медбике ісінің қолданбалы бакалавры | | 75 | 550,50 |
| 10. | 0304000-Стоматология | 0304023-Дантист | 50 | | 550,50 |
| 11. | 0402000-Дизайн (бейін бойынша) | 0402022-Көркемдік-әсемдеу жұмыстарын орындаушы | 20 | | 457,17 |
| | | 0402013-Дизайнер | 20 | | 457,17 |
| 12. | 0404000-Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша) | 0404013-Балалар музыка мектебінің оқытушысы, концертмейстер | 4 | | 1171,25 |
| | | 0404023-Балалар музыка мектебінің оқытушысы, ансамбль, оркестр әртісі (жетекшісі) | 12 | 4 | 1171,25 |
| | | 0404033-Балалар музыка мектебінің оқытушысы, халық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі) | 25 | 7 | 1171,25 |
| 13. | 0405000-Хор дирижеры | 0405013-Оқытушы, хормейстер | 9 | 1 | 1171,25 |
| 14. | 0407000-Ән салу | 0407013-Балалар музыка мектебінің оқытушысы, академиялық ән салу әртісі, ансамбль солисі | 10 | 2 | 1171,25 |
| | | 0407023-Балалар музыка мектебінің оқытушысы, домбырамен халық әндерін орындау әртісі | 4 | | 1171,25 |
| 15. | 0408000-Хореография өнері | 0408023- Би ансамблі әртісі | 9 | 1 | 1171,25 |
| 16. | 0502000-Телекоммуникациялық құралдар мен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша) | 0502033-Құрал-жабдықтарды жөндеу және пайдалану технигі | 20 | | 457,17 |
| 17. | 0507000-Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру | 0507063-Супервайзер (ауысым басшысы) | 20 | | 457,17 |
| 18. | 0508000-Тамақтандыруды ұйымдастыру | 0508012-Аспаз | 40 | | 457,17 |
| 19. | 0510000-Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (қолдану аясы және салалары бойынша) | 0510012-Референт-хатшы | | 20 | 457,17 |
| 20. | 0511000-Туризм (салалар бойынша) | 0511032-Турист агенті | 20 | | 457,17 |
| 21. | 0513000-Маркетинг (салалар бойынша) | 0513042-Коммерциялық агент | 20 | | 457,17 |
| | | 0513073-Мерчендайзер | 40 | | 457,17 |
| 22. | 0514000-Бағалау | 0514013-Техник-бағалаушы | 20 | | 457,17 |
| 23. | 0515000-Менеджмент (қолдану аясы және салалары бойынша) | 0515013-Менеджер | 20 | | 457,17 |
| 24. | 0601000-Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша) | 0601013-Стандарттау технигі | 20 | | 457,17 |
| 25. | 0701000-Пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық түсіру, іздеу және барлау (түрлері бойынша) | 0701073-Техник-геолог | 20 | | 457,17 |
| 26. | 0706000-Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу | 0706032-Бұрғылау қондырғысының машинисі | 20 | | 457,17 |
| | | 0706213-Техник-механик | 20 | | 457,17 |
| 27. | 0707000-Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу | 0707042-Жер асты қондырғыларының машинисі | 20 | | 457,17 |
| | | 0707142-Сығымдағыш қондырғының машинисі | 20 | | 457,17 |
| 28. | 0816000-Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша) | 0816022-Химиялық талдау зертханашысы | 20 | | 457,17 |
| 29. | 0901000-Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша) | 0901012-Электромонтер (барлық атаулар) | 20 | 20 | 457,17 |
| | | 0901022-Электр станцияларындағы электр жабдықтарын жөндеуші электр слесарі | 20 | | 457,17 |
| 30. | 0902000-Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | 0902022-Тарату құрылғыларының электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі | 20 | | 457,17 |
| | | 0902033-Техник-электрик | 40 | | 457,17 |
| 31. | 0906000-Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары | 0906012-Қазандық жабдықтарын аралаушы машинист | 20 | | 457,17 |
| 32. | 0907000-Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша) | 0907022-Қазандық пен шаң дайындау цехтарының жабдықтарын жөндеу слесарі | 20 | | 457,17 |
| 33. | 0910000-Электр және электр механикалық жабдықтар (түрлері бойынша) | 0910053-Техник-электрик | 20 | | 457,17 |
| 34. | 1015000-Машина жасаудағы монтаж және автомобильді сынау | 1015042-Слесарь-электрмонтаждаушы | 20 | | 457,17 |
| 35. | 1108000-Темір-жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша) | 1108112-Тепловоз машинисі | 20 | | 457,17 |
| | | 1108183-Техник-электромеханик | 20 | | 457,17 |
| 36. | 1112000-Өнеркәсіп машиналары мен жабдықтарын пайдалану | 1112032-Слесарь-жөндеуші | 20 | 15 | 457,17 |
| 37. | 1114000-Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) | 1114032-Дәнекерлеу жұмыстарының бақылаушысы | 20 | | 457,17 |
| | | 1114063-Техник-механик | 20 | | 457,17 |
| 38. | 1115000-Өндірістегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша) | 1115073-Техник-механик | 20 | | 457,17 |
| 39. | 1119000-Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар және қондырғылар | 1119032-Жабдықтарды жөндеу шебері (өнеркәсіпте) | 40 | | 457,17 |
| 40. | 1201000-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 1201062-Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик | 20 | | 457,17 |
| | | 1201072-Автокөлікті жөндеу слесарі | 20 | | 457,17 |
| | | 1201082-Автокөліктер шанағын қалпына келтіруші шебер | 20 | 20 | 457,17 |
| | | 1201092-Көліктерді жөндеу шебері | 20 | | 457,17 |
| | | 1201123-Техник-механик | 40 | | 457,17 |
| 41. | 1202000-Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару (салалар бойынша) | 1202063-Техник | 20 | | 457,17 |
| 42. | 1203000-Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару | 1203012-4-ші және 5-ші кластардың теміржол стансасының кезекшісі | 20 | | 457,17 |
| 43. | 1206000-Жол қозғалысын ұйымдастыру | 1206012-Жол инспекторы | 20 | | 457,17 |
| | | 1206023-Техник | 20 | | 457,17 |
| 44. | 1211000-Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | 1211062-Арнайы тігінші | | 25 | 457,17 |
| 45. | 1219000-Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі | 1219142-Наубайшы | 20 | | 457,17 |
| | | 1219243-Техник–технолог | 20 | | 457,17 |
| 46. | 1221000-Балық өндірісі | 1221012-Балық өңдеуші | | 20 | 457,17 |
| 47. | 1227000-Полиграфия өндірісі | 1227103-Техник-технолог | 20 | | 457,17 |
| 48. | 1302000-Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша) | 1302023-Электромеханик | 20 | | 457,17 |
| 49. | 1303000-Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару | 1303022-Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу электр монтері | 20 | | 457,17 |
| 50. | 1304000-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 1304033-Техник | 20 | | 457,17 |
| | | 1304043-Техник-бағдарламашы | 60 | | 457,17 |
| | | 1304053-Ақпаратты қорғау технигі | 100 | | 457,17 |
| | | 1304073-Техник-электроник | 20 | | 457,17 |
| 51. | 1305000-Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша) | 1305033-Техник | 40 | | 457,17 |
| 52. | 1310000-Көлік радио электрондық жабдықтарды техникалық пайдалану (көлік түрі бойынша) | 1310043-Радионавигация, радиолокация және байланыс технигі | 20 | | 457,17 |
| 53. | 1401000-Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану | 1401012-Тас қалаушы | 60 | | 457,17 |
| | | 1401032-Құрылыс шебері | 40 | | 457,17 |
| | | 1401102-Қаптаушы-тасшы | 20 | | 457,17 |
| | | 1401182-Құрылыс слесарі | 40 | | 457,17 |
| | | 1401252-Өңдеу құрылыс жұмыстарының шебері | 20 | 20 | 457,17 |
| | | 1401213-Техник-құрылысшы | 20 | | 457,17 |
| 54. | 1402000-Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша) | 1402162-Автомобиль кранының машинисі | 40 | | 457,17 |
| | | 1402203-Техник-механик | 20 | | 457,17 |
| 55. | 1403000-Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша) | 1403012-Слесарь-сантехник | 40 | | 457,17 |
| | | 1403082-Электргаз дәнекерлеуші | | 25 | 457,17 |
| 56. | 1404000-Сумен қамтамасыздандыру және су бұрғыш жүйелерінің тазартқыш ғимараттары | 1404033-Су құбыры - кәріз шаруашылығының желілері мен құрылыстарын пайдалану технигі | 20 | | 457,17 |
| 57. | 1405000-Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану | 1405012-Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі | 40 | | 457,17 |
| | | 1405043-Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі | 20 | | 457,17 |
| 58. | 1406000-Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау | 1406043-Техник-механик | | 20 | 457,17 |
| 59. | 1409000-Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы | 1409022-Жасанды ғимараттар мен жолдарды жөндеу және ағымдық ұстау (босатылған) бригадирі | 20 | | 457,17 |
| 60. | 1410000-Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы | 1410013-Техник-құрылысшы | 20 | | 457,17 |
| 61. | 1411000-Көпірлер мен көлік үңгі жолдары | 1411013-Техник-құрылысшы | | 20 | 457,17 |
| 62. | 1412000-Құрылыс бұйымдары мен құрастырылымдар өндірісі | 1412052-Құрылыс материалдар өндірісіндегі жабдықты реттеуші | 20 | | 457,17 |
| | | 1412093-Техник-технолог | 20 | | 457,17 |
| 63. | 1414000-Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша) | 1414032-Ағаш өңдеу станоктарының жұмысшысы | 20 | | 457,17 |
| | | 1414072-Ағаш және жихаз өндірісінің шебері | 20 | | 457,17 |
| 64. | 1418000-Сәулет өнері | 1418013-Сызушы | 20 | | 457,17 |
| 65. | 1502000-Агрономия | 1502043-Өсімдікті қорғау агрономы | 25 | | 457,17 |
| 66. | 1504000-Фермер шаруашылығы (бейін бойынша) | 1504032-Жеміс-көкөніс өсіруші | 20 | 15 | 457,17 |
| | | 1504072-Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларын реттеуші | 20 | | 457,17 |
| | | 1504092-Электр жабдықтарына қызмет көрсету электр монтері | 20 | | 457,17 |
| | | 1504102-Слесарь-жөндеуші | 20 | | 457,17 |
| | | 1504113-Фермер | 55 | | 457,17 |
| 67. | 1508000-Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы (түрлері бойынша) | 1508043-Орман шебері | 20 | | 457,17 |
| 68. | 1509000-Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша) | 1509023-Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының технигі | 20 | | 457,17 |
| | | 1509033-Техник-гидромелиоратор | 20 | | 457,17 |
| 69. | 1510000-Ауыл шаруашылығын механикаландыру | 1510043-Техник-механик | 20 | | 457,17 |
| 70. | 1513000-Ветеринария | 1513032-Ветеринарлық санитар | 20 | | 457,17 |
| | | 1513063-Ветеринарлық техник | 40 | | 457,17 |
| | | 1513083-Ветеринарлық фельдшер-инспектор | 40 | | 457,17 |
| 71. | 1516000-Өрт қауіпсіздігі | 1516013-Өрт сөндіру инспекторы | 40 | | 457,17 |
| 72. | 1517000-Төтенше жағдайда қорғау (бейін бойынша) | 1517042-Құтқарушы | 55 | | 457,17 |
| | | 1517033-Техник | | 20 | 457,17 |
| Барлығы | | | 2683 | 425 | |

## Баспасөз, радио, интернет-журналистика саласындағы «Үркер» ұлттық сыйлығы туралы ереже




**1. Жалпы ережелер**

1. Баспасөз, радио, интернет-журналистика саласындағы «Үркер» ұлттық сыйлығы Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен жарияланған.

2. Сыйлықтың негізгі мақсаты – талантты журналистер мен үздік шығармашылық ұжымдарды анықтау, олардың кәсіби журналистиканы дамытуға қосқан үлестерін саралау және олардың шығармашылығына қоғам назарын аударту. Сыйлық лауреаттарын Қазылар алқасы анықтайды.

3. Сыйлық келесі номинациялар бойынша беріледі (эксперименталдық номинациялардан басқа):

1) Үздік фотосурет;
2) Үздік репортаж;
3) Үздік аналитикалық материал;
4) Үздік журналистік зерттеу;
5) Үздік сұхбат;
6) Қазақстан туралы үздік танымдық материал;
7) Үздік халықаралық аналитикалық материал;
8) Үздік аймақтық радиостанция;
9) Үздік аймақтық баспасөз басылымы;
10) Қазақстанның үздік радиостанциясы;
11) Үздік интернет-БАҚ;
12) Үздік республикалық баспасөз басылымы.

**2. Өтініштерді беру тәртібі**

1. Өтініштер электрондық түрде (ұсынылған үлгі бойынша қол қойылған скан-нұсқасы) el.kz интернет-ресурсының арнайы бөлімінде немесе urker2018@el.kz электрондық поштасы арқылы өзін-өзі ұсыну форматында қабылданады.

2. Бір автор тек бір ғана өтініш бере алады және 2 материал ұсынуға құқылы (бір аталымға 2 материал беруге, сондай-ақ әр түрлі аталымдар бойынша бір-бірден материал ұсынуға рұқсат етіледі).

3. ҚР уәкілетті органда тіркелгені туралы куәлігі бар БАҚ ұсынылған жұмыс бұл БАҚ-та жарияланбаса да, кез келген автордың атынан өтініш бере алады.

4. Ұжымдық аталымдар бойынша БАҚ-тың есепке алынғандығы туралы куәлік нөмірін көрсету арқылы, бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі өтініш береді.

**3. Өтініштерге қойылатын талаптар**

1. Номинация бойынша берілген барлық жұмыстар 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін жариялануы тиіс.

2. Жұмыстардағы барлық фотосуреттер файлдың өлшемі 2 Мб кем емес JPEG форматында, бейне файлдар MPEG4 FullHD форматында, мәтіндік материалдар БАҚ-та жұмыстардың скриншоты түрінде немесе материал жарияланған нөмірдің түпнұсқасы түрінде ұсынылуы керек.

3. Өтінімдерді Қазақстан аумағында тіркелген БАҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары бере алады («Қазақстан туралы үздік танымдық материал» аталымы бойынша жұмыстар мен БАҚ-тан басқа).

4. «Үздік аймақтық баспасөз басылымы» және «Үздік республикалық баспасөз басылымы» номинациялары бойынша өтінім басылымның көрсетілген уақыттағы қызметін сипаттайтын жобаларды, айдарларды, авторларды және басқа да есімнамаларды, оқиғаларды, әрі өзге маңызды фактілерді көрсету арқылы басылымның төлқұжаты түрінде ұсынылады (12 беттен аспайтын PowerPoint немесе PDF форматында). Мерзімді басылымның бір нөмірінің PDF форматындағы скан-нұсқасы да қоса берілуі керек.

5. «Үздік аймақтық радиостанция» және «Қазақстанның үздік радиостанциясы» номинациялары бойынша өтінім хронометражы 30 минуттан аспайтын, эфирімен қоса аудиофайлдар mp3 форматында берілетін, 2017 жылдың 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында радиостанцияның қызметін сипаттайтын жобаларды, бағдарламаларды, авторларды және басқа да есімнамаларды, оқиғаларды, әрі өзге маңызды фактілерді көрсету арқылы станцияның төлқұжаты түрінде ұсынылады (12 беттен аспайтын PowerPoint немесе PDF форматында).

6. «Үздік интернет-БАҚ» аталымы бойынша өтініш интернет-ресурстың қызметін сипаттайтын жобаларды, контентті, интернет-оқиғаларды, айдарларды, авторларды және басқа да есімнамаларды, әрі маңызды фактілерді көрсету арқылы презентация түрінде ұсынылады (12 беттен аспайтын PowerPoint немесе PDF форматында). Көрсетілген уақыт аралығында сайтқа кіру саны бойынша есептілік қоса беріледі (Google analytics).

**4. Өтінімдерді қарастыру және қорытынды шығару**

1. Өтінімдерді қарау Қазылар алқасының мүшелерімен және ұйымдастыру комитетімен жүргізіледі:

Ұйымдастыру комитеті талаптарға сәйкес келетін барлық өтінімдерді қарастырады да, сәйкес келген өтінімдерді Қазылар алқасы мүшелерінің қарауына ұсынады.

Қазылар алқасының мүшелері құпия дауыс беру арқылы сыйлық лауреаттарын таңдайды.

Ең көп дауыс жинаған төрт өтінім сыйлықтың номинаттары болып саналады. Қазылар алқасының мүшелері осы төрт номинаттардың арасынан құпия дауыс беру жолымен жеңімпазды таңдайды. Жеңімпаз бен номинаттар көпшілік дауыспен анықталады.

2. Сыйлық лауреаттарын жариялау 4 номинанттарды шақыра отырып, салтанатты түрде жарияланады. Әрбір лауреатқа берілетін сыйлықтың символы – қауырсын үлгісінде жасалған мүсінше (статуэтка) болып табылады.

3. Сыйлық лауреаттарына өзіне тиесілі ақпараттық, жарнамалық және презентациялық материалдарда, лауреаттың ресми сайтында, сонымен қатар өзі көрсететін қызметтер мен өнімдерді жарнамалау кампаниясында «Баспасөз, радио, интернет-журналистика саласындағы «Үркер-2018» ұлттық сыйлығының лауреаты» мәртебесін көрсетуге құқық беріледі.

*Толық мәліметті осы сілтемеден ала аласыздар:* ***http://el.kz/kz/urker-2018***

## БІЗДІҢ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған негізгі нормативтік-құқықтық акт – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң екені белгілі. Сонымен қатар, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы жасалып, ол сәтті жүзеге асырылуда. Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауында бұл мәселеге ерекше тоқталатынын да атап айтсақ болады.

Жалпы, сыбайлас жемқорлық өте қауіпті, жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін шектеп, еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

Жемқорлық – жай ғана құқық бұзушылық емес, ол мемлекетке деген сенімді сетінетіп, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін кесел. Осыған байланысты мемлекеттік қызметтегі кез келген азамат адамгершілік арына дақ түсірмей, антына адалдық танытуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекетіміздің дамуына қосылған үлес. Ал, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын, нигилизмді жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор деп есептейміз.

**Айнұр ИСКАКОВА,**
**облыстық ветеринария басқармасының әкімшілік және қаржылық бөлімінің бас маманы.**

## ҚАБЫРҒАМЫЗҒА БАТҚАН ҚЫРЫҚ КҮН ӨТТІ



Ардақты азамат, асыл жар, аяулы әке Қызылорда қаласының тұрғыны Оспанов Орынбасар Сұлтанұлы биылғы жылдың сәуір айында өмірден озды.

Ол кісі 1949 жылдың 26 наурызында Сырдария ауданы Көкжиде елді мекенінде дүниеге келген. Орта мектептен соң Жамбыл гидромелиорация институтын бітірген. Еңбек жолын 1971 жылы «Кызылордасовхозстрой» тресінің ПМК-22 мекемесінде өндіріс шебері болып бастап, 1981 жылдан 25 жыл ПМК-66 мекемесінде еңбек еткен. 2000-2010 жылдары облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасында бас маман болып қызмет жасады.

Әкеміз ұзақ жылғы кәсіби мамандығында жерасты суын игеріп, халық игілігіне жаратуға көп еңбек сіңірді. Ұжымына сыйлы болды, басшылық тарапынан көптеген мақтау-марапат иеленді.

1977 жылы анамыз Рәзия Қалжанқызымен бас қосып, бізді – екі ұл, екі қызды өмірге әкеліп, тәрбиелеп оқытып қатарға қосты. Құда-жекжатты болып, немере сүйіп, 70 жасқа қараған шағында мәңгілік мекеніне аттанды.

Әкеміз біздің бойымызға сабырлылық, салиқалылық, ағайыншылдық болмыс сіңірді. Не нәрсені де ақылмен шешуге, ақырын жүріп, анық басуға үйретті. Анамызға жай ғана тіл қатып, балаларымен мейірімін төге сөйлесетін әкеміздің мәрт мінезіне қызығатын жандар да көп еді. Ешкімді жамандамайтын, ренжітпейтін, кісіге қиянаты жоқ биік қадір-қасиеттің иесі болды.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, жан әке. Алла жайыңызды жұмақтан бұйыртсын.

Біз ағайынға 2018 жыл 7 маусым күні, сағат 21-де, орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде әкеміздің қырық күндік асы ауызашар рәсімімен қоса берілетінін хабарлаймыз.

**Еске алушы: зайыбы, ұл-қыздары, немерелері.**

## «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы атынан (индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан к., 1 үй) активтерді (НҚ және ТМҚ) іске асыру мақсатында ағылшын әдісімен аукцион өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатылатын объектімен танысатын күн және уақыт: 2018 ж. 04-11 маусым аралығында сағат 09:00 - 17:00-ге дейін танысуға болады.

Активтің құны сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 100% мөлшерде төленеді.

Аукционға қатысу үшін лот сомасынан 5 (бес) % мөлшерде кепілдік жарна енгізу қажет. Өтінімдерді қамтамасыз ету 2018 жылғы 12 маусым, сағат 17:00-ге дейін келесі банктік шотқа: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы, БСН: 020440001144, БИК: HSBKKZKX, ИИК KZ806010201000027651 «Қазақстан Халық банкі» енгізіледі.

Аукционды өткізу күні және уақыты: 2018 ж. 14 маусымында сағ. 10:00-де .

Аукцион өткізілетін орын: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан к., 1, 414-бөлім, 4-қабат.

Аукционға қатысуға арналған өтінімдер келесі мекенжайда қабылданады: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан к., 1, 417-бөлім, 4-қабат, 2018 жылғы 12 маусым сағат 17:00-ге дейін.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін ұсыну қажет:

1) еркін нысанда рәсімделген аукционға қатысуға арналған өтінім;

2) паспорттың немесе жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) кепілді жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы және көшірмесі;

4) өкілдің өкілеттілігін куәландыратын құжат (егер қатысушы өзінің өкілі арқылы қатысса).

Заңды тұлғалар жарғының (барлық өзгертулерімен және толықтыруларымен) заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтаманың нотариалды расталған көшірмелерін қосымша береді.

**Қосымша ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-17-42, 55-17-44 (іш.2833)**

### «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ абоненттері назарына!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы 2018-2019 жж. жылыту маусымына газ тарату нысандарын дайындау бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізуіне байланысты, 2018 жылдың 4 маусым күні ХҚКО, Ескі базар аумағы, ТЖ вокзал аумағы, Титов қыстағы, Гагарин қыстағы, «Арай» және «Сәулет» шағын аудандарында тұратын абоненттер сағат 9.00-ден бастап 16.00-ге дейін газбен жабдықтау жүйесінен уақытша ажыратылатынын хабарлайды.

*(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)*

## «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ»

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының Әдеп кодексі нормаларының мемлекеттік қызметшілер тарапынан бұзылуына жол бермеу мақсатында, Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде 8(7242) 21-52-09 нөмірлі «сенім телефоны» тәулік бойы жұмыс істейді.

**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.**

## ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (18-04-03) «№№5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар және Жамансу кенішіне баратын осьтік автожолдар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны (7242) 29-91-92.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Еңбек Жер» ЖШС 2018 жылдың 2 шілде күні сағат 15.00-де серіктестіктің құрылтайшыларына жалпы жиналыс өткізілетінін хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Еңбек ауылындағы Мәдениет үйі.

Күн тәртібінде:

«ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы шаруашылыққа қажетті жаңа ауылшаруашылық техникасын сатып алу.

**«Еңбек Жер» ЖШС әкімшілігі.**

## КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР

# АННА

Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

**Құрметпен, Думайбековтер отбасы.**

Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

**Құрметпен, Әмина.**

Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

**Диана.**

Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

**Мирас.**



**Анна Сіздерді маусымның 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, сол жақта «Татьяна» салоны, Анна деген жазу ілулі тұрады).**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Ибраева Гулжаз Бекдилдаевнаның атына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылындағы №193 орта мектебін 20.06.2004 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1188321 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

* * *

Комирбаев Сейтжанның атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылы, М.Әуезов көшесі №50 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-153-026-274, №КЗ 0110435) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады.
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

«Қызылорда жарығы» Холдингтік бірлестігінің ұжымы «Дәулетэнерго» ЖШС директоры Ердіқалықов Қуанышбайға зайыбы
**Қалыбаева Патшайының**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

BAIQAÝ



© Болат Омарәлиев (фото)

# ҚАЛТАЙДЫҢ КӨРКЕМ ӘЛЕМІ

**А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қазақстанның халық жазушысы, драматург, аудармашы Қалтай Мұхамеджановтың 90 жылдығына арналған «Қаламы қарымды Қалтай» атты халық театрлары мен драма ұжымдарының облыстық байқауы өтті.**





Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында өткен шараға 11 халық театры және 1 драма ұжымы қазақ әдебиеті мен театры тарихында драматургия жанрының кәсіби тұрғыда қалыптасып өсуіне, әлемдік сахна кеңістігінен орын тауып, өрістеуіне өлшеусіз үлес қосқан Қалтай мұрасын көп алдына алып шықты. Драматургтің «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті», «Біз періште емеспіз», «Өзіме де сол керек» секілді пьессаларында кешегі мен бүгінгі күннің кейіпкерлерін ұштастырып, күлкілі оқиғаларға толы шығармалар қойылды.

Сахнагерлерге «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері сценарист, режиссер Оңталап Нұрмаханов бастаған мамандар төрелік етті.

– Қалтай Мұхамеджанов драматургияға бойлай, тұшына білген драматург. Оның кәсіби драматургиясын бүгінгі жастарға таныстыру, өнегесін сіңіру ләзім. Қаламгердің көркемдік әлемі – қазіргі қазақ драматургиясы мен театрындағы бірегей құбылыс санатынан орын алады. Мұның өзі қазақ сахнасы мен өнерінің, мәдениетінің төріндегі айтулы орнын айғақтайды, – деді Оңталап Нұрмаханов.

115 әртіс қатысқан байқауда Арал ауданы, Аманөткел ауылдық халық театры, Қызылжар ауылдық халық театры, Сырдария аудандық халық театры, Жаңақорған аудандық халық театры және Арал аудандық халық театры жүлдегерлер қатарында көрінді.

Сонымен қатар, арнайы номинациялар бойынша «Үздік режиссерлік шешім» – Ролан Бақтыбаевқа (Жаңақорған ауданы), «Үздік сценографиялық шешім» – Бақыт Шмановқа (Арал ауданы, Аманөткел ауылы), «Үздік әйел бейнесі» – Рахия Әбдікәрімоваға (Сырдария ауданы), «Үздік ер бейнесі» – Тоқтар Әжмұратқа (Жаңақорған ауданы), «Үздік эпизодтық роль» – Рысқұл Ұлықпановаға (Жаңақорған ауданы, Арман кенттік мәдениет үйі), «Үздік музыкамен көркемдеуші» – Мағжан Темалашовқа (Арал ауданы, Қызылжар ауылы), «Үздік костюм дизайнері» – Дана Жоламановаға (Арал аудандық мәдениет үйі) берілді.

Жеңімпаздар мен қатысушыларға дипломдар, алғыс хаттар, ақшалай сыйлықтар табысталды.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,**
**«Сыр бойы».**

TÝYNDY

# ТЕАТР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

**Таяуда «Тұмар» баспасынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Хұсейін Әмір-Темірдің «Бір сахна – егіз ғұмыр» және «Өнер-Баян» атты екі бірдей туындысы жарық көрді.**





Кітап авторы өмірі мен өнері сабақтасып жатқан театр әлемі жайлы тебіреніспен сыр шертеді. Өзінің театр сахнасында өткен жарты ғасырдан астам өнер жолынан өрелі әңгіме өрбітеді. Тура өмірдегідей, тартысы мен талқысы, жеңісі мен жеңілісі қатар жүретін театрдың күнгейі мен көлеңкесі жайлы көңіл түкпіріндегі толғанысын тарқатады. Жемісті еңбектің жеңісті сәттерін жарқырата суреттеп, талантты актерлардың шеберлігіне шынайы баға береді. Сахнаға шыққанға дейін сан мәрте сарапталатын қойылымның әзірлік барысындағы қызықты да қызу тартысты сәттерін қаз-қалпында баяндап, сол арқылы актерге жүктелген жауапкершіліктің қаншалықты ауыр екенін аңғартады. Расында, әрбір актер өз образын дұрыс сомдай алмаса, режиссердің де еңбегі еш деген сөз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, кітап авторының бүгінге дейін жүріп өткен жолы, бүкіл өмірі десек те болар, осынау театр өнерімен тамырлас. Сонау алпысыншы жылдардың басында Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік Консерваториясының театр факультетінде оқып, Қазақстанның Халық артисі, атақты профессор Асқар Тоқпановтан дәріс алған Хұсейін Әмір-Темір шығармашылықтағы алғашқы жолын өз мамандығы бойынша актерлік сатыдан бастады.

Әуелгіде Қарағанды театрында, одан кейін Сыр сахнасында Ә.Сәрсенбаевтың «Арбасу» драмасындағы СС полковнигі, М.Әуезовтың «Абай» трагедиясындағы Долгов, «Қара қыпшақ Қобыланды» драмасындағы Бірсімбай, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» драмасындағы Николай II, Б.Майлиннің «Майданындағы» Бекболат сынды салмақты рольдерді сомдады. Осы жылдары ол өзімен қатар өнер өлкесінде өрнек салып, талантымен танылған өмірлік жары Әлия Арысбайқызын жолықтырды.

Өнер сапарында бір жүрген олардың өмірлік мақсат-мүддесі де бір арнада тоғысты. Шаңырақ шаттығы мен театрдағы тамаша жетістіктер талант иелерін біршама биікке көтерді. Әрине, бұл үшін табиғи талант пен төккен тер, үкілі үміт пен табанды төзім, сол секілді жұбайлар арасындағы сыралғы сыйластық та сеп болғандай...

Облыс орталығындағы Н.Бекежанов атындағы драма театрда өмірінің сәулелі сәттерін өткерген өнер иелері өз еңбегінің лайықты бағасын алды. Айталық, осынау театр қабырғасында бас режиссер, көркемдік жетекшісі қызметтерін атқарған Хұсейін Әмір-Темір «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанса, Әлия Арысбайқызы «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» атағын иеленді. Театр өнерінің талантты өкілі, әйгілі сахна шебері Хадиша Бөкееваның көңілінен орын алған әртіс Әлия Сыр өнерінің сахнасында табиғи талантымен танылып, көзі қарақты көрерменді талай мәрте тамсандырған еді...

Қорыта айтқанда, қос кітаптың мән-мағынасы театр өнерінің тарау-тарау жолынан тағылым түйген өнер иелерінің өмірі жайлы ой толғайды. Демек, өмірден өз орнын іздеген жандарға бағыт-бағдар боларлық дүние.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы».**

# ТҮРКИЯДА ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ



**Тұрмағанбет халық аспаптар оркестрінің өнерпаздары Түркия мемлекетінде түркі тілдес халықтарының өнер фестиваліне қатысады. Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен шара 1-10 маусым аралығында Кастамону, Анкара, Ақсарай, Болу қалаларында өтеді.**

Тұрмағанбет атындағы оркестрдің концерттік бағдарламасы көрермендерге түрлі жанрдағы шығармаларды ұсынады. Оркестр музыканттары қазақ халқының әндері, Әлшекей, Құрманғазы, Қорқыттың күйлері және әлемдік, қазақстандық композиторлардың шығармалары мен Сыр термелерін орындайды.

Сонымен қатар, оркестрдің сүйемелдеуімен Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан және Түркия мемлекеттерінің өнерпаздары да өнер көрсететін болады.

«Алыс және жақын шетелдердің сахнасында өнер көрсету арқылы Сыр елінің орындаушылары ұлттық өнердің дамуына және насихатталуына өз үлесін қосып келеді», – дейді облыстық филармония директоры Талғат Мақашов.

Айта кету керек, Тұрмағанбет халық аспаптар оркестрі Сыр сүлейі, атақты шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында 2007 жылы құрылды.

Бүгінде оркестр құрамында 60-қа жуық музыкант бар. Ұжыммен тәжірибелі 2 дирижер, оркестрдің жетекшісі «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев және «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Күлдары Избанова жұмыс жасайды. Көркемдік жетекшісі – Самат Абылаев.

Оркестр репертуарына 400-ге жуық шығарма қамтыған. Ұлтымыздың дәулескер күйшілері Қорқыт, Құрманғазы, Дина, жергілікті Қазанғап, Шал Мырза, Бекпембет, Әлшекей, Жалдыбай сынды дала композиторларынан бөлек, қазақ ұлттық әндері мен әлемдік классикалық және Қазақстан композиторларының туындылары оркестр репертуарының негізін құрайды.

Оркестр өзінің ерекше орындаушылығы арқасында үлкен қошеметке ие.

**«СБ» ақпарат.**

# ҚАЛАМГЕР ҚОРЖЫНЫНАН

**Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов отырған жерде күлкі күмбезінің қоңырауы дамыл таппайтын-ды. Содан «Айтқыр Қалтай» атанған. Ел аузында «Қалтай айтыпты» деген сөз әлі бар. Біз бүгін қалам иесінің айтқандары мен жазған ойларын оқырманға ұсынып отырмыз.**

• Мен тасқа желіндеп, мұзға бұзаулаған пақырмын. Мен көрген қиындықты ешкім көрмесін. Менің табаным көнтақа. Әкем 1937 жылы атылып кеткен. Содан соң жалаңаяқ жүрдім. Табанымнан суық өтпейтін болып өстім. Ташкенттегі театр иститутына жалаңаяқ барғанмын.

• Біздің елде адамның шашы мен тісіне қарайды. Шашың ағарып кетіпті, тісің түсіп қалыпты дейді. Бас пен тісті бағалау жоқ.

• Тегіс үстел, түзу қаламмен комедия тумайды. Жаратқан жарық дүниені күліп отырып жаратқан. Жұмырбасты пенде күліп жүрсін деген болу керек.

• Күлкіге құбылыс деп қарау керек. Күлкіден кейде түңілу туады. Ақын Абай «ойын арзан, күлкі қымбат» деп бекер айтпаған.

• Адамның босқа кеткен сәті – отқа жаққан ақшамен тең.

• Бірде Қалекең партия мектебіне кездесуге барғанында бір ғалым: «Сіз Маркстың «Капиталын» оқыдыңыз ба? – деп сауал қойыпты. Сірә, сүріндіру ойында болар. Сонда қаламгер Маркстің «Капиталына» қазақ мақал-мәтелмен баяғыда жауап беріп қойғанын былай дәлелдейді:

– Ал, тыңда. Маркстың «Капиталы» үш томнан тұрады. Бірінші том – «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген мағынада. Екінші том – «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей». Ал, үшінші том – «бай-байға, сай-сайға» құяды. Үш томды оқып әуре болғанша, сіз қазақтың осы мәтелімен жұртты түсіндіріңіз. Ұялған ғалым Қалекеңнің «дұрыс» деп қолын алыпты деген бар.

• Біздің елде аттан есек қымбат. Қойдан қауын бағалы. Алдар көсе мен Жамбыл да есекпен серуендеген.

• Күніне бір күлмеген кісі құдайдың қазынасынан құр қалған адам.

• Қазір қиналсаң таяныш жоқ, қамықсаң жұбаныш аз.

• Ер бала анасынан алақанын ашып туса, қыз бала жұдырығын жұмып туады екен. Ұл туса атын Жомарт, қыз туса Қымбат деп атау содан болса керек.

• Бір күні көшеде келе жатқанында әдемі құндыз құлақшынын біреу ала қашыпты. Үйіне жалаңбас келген Қалекеңе зайыбы:

– Құлақшының қайда, Қалеке? – депті.

– Құлақшыным сырқаттанып, әлгі әзірде «жедел жәрдем» алып кетті, – депті.

• Мұхтар Әуезов қазақ әртістерін қаламның қанымен тәрбиелеген.

1945 жылы ақындар айтысына қатысып, 1 кілә шай, бір шүберек бәтеңке сыйлыққа алғаным әлі есімде.

• «Қазақ әдебиеті» газетінде бір суретші достық әзілмен бір мұрынды жасапты. Қарадым да өз мұрным екенін бірден білдім.

• Дарвиннің айтқаны рас болса, бір маймылдың баласы төрт класты бітіретін мезгіл болды.

• Комедияны қалпақпен ұрып аламыз дегендердің көбісі есекке қалай теріс мінгенін білмей қалады.

• Кеңес үкіметіне рақмет. Әкемді өзі атып, өзі ақтап берді. Бабам Күдерінің атын да қайта оралтқан осы үкімет.

• Әйелің ақылды болса, ақылың қалтаңда қалады.

• Мата жинамаңдар, бата жинаңдар. Тас дегенің таудың туысқаны.

• Қыртты езген жеңеді. Езгенді құдайдан безген жеңеді.

• Мәскеуде оқып жүргенде вагоннан көмір түсіруші едік. «Самосвал» деген шықты да қолымызды қақты.

• Бақыт шүкірге қонады. Әкем НКВД-ның азаптауы кезінде «Сталинді өлтіргім келгені рас. Түрік мемлекетін құрғым келгені рас» деп жауап беріпті. Архивтен оқыдым, бұл сөзі үшін қалай атылмасын.

• Менің 50 жылдығымда Ә.Нұрпейісов баяндама жасады. Д.Қонаев: «Қалтайжан-ау, сенің мерейтойыңда неге пәленше баяндама жасамады», – деп сұрады.

– Ой, Димеке, сіз айтқан пәленшиевке маған баяндама жаса десеңіз көнбес еді. Ол маған некролог жазуға асығып жүрген азамат қой, – деп жауап бердім.

Менің достарым былай дейтін көрінеді, «Егер Қ.Мұхамеджановты дарға асуға үкім шығаратын болса, оны мойнынан емес, тілінен асу керек».

• Ташкенде Н.Жантөрин, Б.Омарұлы үшеуіміз жатақханада бірге тұрдық. Кезектесіп тамақ дайындаймыз. Маған кезек келгенде осы екеуіне қазанға шошқа етін салып, соның майымен тойындырғанмын. Қазақ өнерінің саңлақтарын кейін «шошқа майымен тамақтандырғанмын» дегенім бар.

Жинастырған:
**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.**

TÁRBIE

# ҰЛ ӘКЕДЕН ҮЙРЕНБЕЙ...

Қазақта «Ұл әкеден үйренбей, сапар шекпес, қыз шешеден үйренбей, өнеге алмас» деген бар. Расында, «баланы жастан» деген сөздің астарынан-ақ, қазақтың ұрпақ тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлгенін аңғаруға болады. Өткенге зер салсақ, баланы ел қорғайтын ер, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кеңдікке баулыған. 13 жасқа дейін атқа мінгізіп, «Аузы дуалы ақсақал қарттарға сәлем беріп кел!» деп жіберген. Оның себебі де түсінікті, көпті көрген көнекөз қазыналы қарттардан тарихта болған жайларды, бабалар ерлігін тыңдап, өткенмен сабақтаса өмір сүрсін дегені. Бұрын сондай-тын. Ал, қазір жағдай тым бөлек. Арнайы жүргізілген зерттеу бүгінде кез келген баланың бір күн ішінде әкесінен гөрі анасына көп сауал қоятынын дәлелдеген. Соған қарағанда балалардың дені анасын өзіне жақын қоятын секілді. Бұл нені аңғартады?

Отбасы – алтын діңгек. Кейде біреудің баласы үлгі тұтар, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі білікті жан еді, көргенді бала, текті жерден шыққан», – деп мадақтайды. Осыған қарап, әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінің маңызын байқаймыз. Алайда, бүгінгі уақытта әкеден гөрі ана беделі биік болып тұр. Қит еткен бала анасына жүгінеді. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі». Бұл – ескірген нақыл. Қазір баласының тағдырына, отбасының қамына көз қысып қарайтын, түзде тазы, үйде түлкі әкелердің қатары көбейді. Бала алғаш үйден тәрбие алып, қалған тәрбие тостағанын далада толтырады. Түлкіні көріп өскен бала түлкі, тыстан тазыны көріп, тазы болады. Баласы үшін жауап берудің орнына оны талақ етуге даяр әкелер бар. Жұп құрып үйленеді, бақытты күйге енеді. Содан соң отбасын ойрандап, көшеге тайраңдап кетеді. Кейін баласына тиісті алиментін төлеуден қашады. Бес саусақ бірдей емес. Балаларының болашағын ойлап, өмірден өз орнын табуда бағыт-бағдар беретін әкелер жоқ емес, бар.

– Ата-ана баланы өмірге әкелген соң бірінші кезекте оны қатарынан қалдырмай киіндірсек, тамағын тойдырсақ болды деп ұғынады. Бұл дұрыс емес. Өйткені бала жас өскін секілді баптағанды, аялағанды қажет етеді. Әсіресе, ер балалар ер адамға қажет тағылымды көбіне әкесінен үйренуге ұмтылады. Жасында ұғынбағанды баланың ер жеткенде түсіне қоюы екіталай. Сондықтан әрбір әке бауыр еті баласының қоғамдағы өз орнын қателеспей табуына ықпал ету керек, – дейді қала тұрғыны Бекталап Сағашев.

Танымал психологтар да бала тәрбиесін басты орынға қоюға кеңес береді. Сондай-ақ, көбіне баланы әкесіне қарсы коймау қажеттігін алға тартады. Себебі, бұл жағдай белең алған. Осы ретте әкесін сыйламаған ұл ертеңгі күні сізді де, болашақ жарын да сыйламай өтетінін естен шығармауымыз керек. «Балаң жақсы тәрбиелі болса, о дүниеде Алла Тағаланың алдында, бұ дүниеде адамзат арасында да жүзің жарқын болады», – дейді пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде. Атақты «Абай жолы» романында да мынадай бір тағылымды эпизод бар. Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әкесінің үйіне күн кешкіре жетіп жығылған он үш жастағы шәкірт Абай аттан түскен бетте анасына қарай бет алады. Сонда байсалды Ұлжан: «Әй, балам, анда әкең тұр, әкеңе барып сәлем бер», – дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай жалт бұрылып, әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі. Ұлы жазушы М.Әуезов мұны халықтың жүрекке жылы тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағандықтан да келтіріп отырғаны анық.

**М.СНАДИНҚЫЗЫ.**

BASPASÓZ

# «НҰР ЖАН» ЖУРНАЛЫ – РУХАНИ ЖАНСЕРІГІҢІЗ



Сыр өңіріндегі өзіндік үні бар республикалық ғылыми-көпшілік, рухани-танымдық «Нұр Жан» журналы қашан да оқырмандарының жүрегінен жылы орын алып, өзекті мақалаларымен, орнықты позициясымен, байсалды көзқарасымен, салиқалы ой түюімен танымал басылым. Егемен ел атанып, қол жеткізген толымды табыстарымызды, көзіміздің қарашығындай сақтап отырған қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулық мәселесін насихаттауда «Нұр Жанның» қосар үлесі қомақты.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың сындарлы саясатын кеңінен насихаттап келе жатқан басылымға халықтың да ықыласы ерекше. Мұның айғағы – ай сайын Алматы қаласынан түрлі-түсті болып шығатын журналға жазылушылар қатарының жыл санап өсе түсуінде.

Оқырмандардың дені – денсаулық сақтау, білім, мәдениет және имандылық ишарасын ұйытқан ардагерлер мен зейнеткерлер. «Нұр Жанның» басқа басылымдардан ерекшелігі – әлеуметтік қолдауды қажет ететін кемтарлар мен көмекке зәру отбасыларды журналға редакция есебінен тегін жаздыруы. Ол үшін редакциямен, 87242211201 телефонымен хабарласып, құжаттарын электронды Nur-zhan2014@mail.ru поштасына жолдасаңыз болғаны.

Егер Сіз үш жыл бойы «Нұр Жан» журналына жазылып, Өзіңізбен бірге ағайын-туыстарыңызды, көрші-көлеміңізді, жақын-жекжаттарыңызды ұйымдастырсаңыз – ұтасыз. Яғни, ақылдастар алқасының жариялаған номинациялық бәйге шартымен «Ерен еңбегі үшін» медалі мен диплом, алғыс хат, сертификаттармен марапатталасыз. Ал, «Қазпоштаның» «Пост-Маркет.кз» сайтына тіркелсеңіз, республикалық «Нұр Жан» журналына үйде отырып-ақ жазыла аласыз.

Қазір 2018 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалының байланыс бөлімшелерінде қызу жүргізіліп жатыр. Индексі: 74215. Жазылу бағасы аудан – 2500, қала – 2400 теңге.

**Сахи БІДАНОВ,**
**ақылдастар алқасының төрағасы,**
**«Еңбек ардагері» белгісінің иегері,**
**дербес зейнеткер.**


# Жоғары оқу орнына түсуші талапкерлер назарына!



**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 2018-2019 оқу жылына талапкерлерден кешенді тестілеуге құжаттар қабылдайды.**

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштер **1 маусым мен 20 маусым** аралығында қабылданады.

Шығармашылық мамандықтарға (5В010400 – Бастапқы әскери дайындық, 5В010600 – Музыкалық білім, 5В010700 – Бейнелеу өнері және сызу, 5В010800 – Дене шынықтыру және спорт, 5В040400 – Дәстүрлі музыка өнері, 5В040900 – Хореография, 5В042100 – Дизайн, 5В050400 – Журналистика) түсетін талапкерлер кешенді тестілеуге құжаттарын **1 маусым мен 20 маусым** аралығында тапсыру қажет екенін назарларына саламыз.

**Қабылдау комиссиясының мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 66, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің 5-оқу ғимараты. Байланыс тел.: 23-53-92.

*(Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 11.12.2012ж. берілген №12019394 лицензиясы.)*


Кезекші редактор **Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА**


**Меншік иесі**
СЫР МЕДИА
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Таралымы 30315**
**Тапсырыс №842**

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.**
**e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz**